және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

10 «Ә», 11 «Ә» сыныптарында «Жаһандық құзыреттілік» курсын аптасына 2 сағат жылдыққа 68 сағат, элективті курсқа - 2 сағат, жылдыққа 68 сағат, спорттық ойынға - 2 сағат, жылдыққа - 68 сағат, гимназиялық компонент - 8 сағат жылдыққа - 272 сағат бөлінген. Осы жұмыс оқу жоспары 31 тамыз 2023 жылы №1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

Оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасын құрайды, оқу аптасы - 5 күн.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының орындалуы – 100%.

2024-2025 оқу жылына 5, 6, 7, 8, 9 - сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) жұмыс оқу жоспары - инварианттық, вариативтік, гимназиялық компоненттерден тұрады. Төмендегі нормативтік құжаттар басшылыққа алынды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына - №19 қосымша (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы) «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары».

«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 113б..

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ негізгі орта білім курсы бойынша 5-9 сыныптардың оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасын құрайды, оқу аптасы - 5 күн.

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымшасына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» сәйкес сыныптарда 24 білім алушы болуына байланысты төмендегі пәндер топқа бөлінді. 5-9-сыныптарда бөлінетін пәндер: орыс тілі мен әдебиеті; шетел тілі; информатика; көркем еңбек. Гимназияда 5-9 сыныптарда: 5-сынып жиынтығы, жалпы сыныптар саны - 14. 8б сыныбы контингенттің толымсыздығына байланысты топқа бөлінбейді, осы сыныпта көркем еңбек бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан,

сынып оқушылары ұлдар мен қыздар болып екі топқа бөлінеді. (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. №406 (01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен). «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы негізінде гимназия мен лицейлерге білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа сондай-ақ әр сыныпқа үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар және т.б. ұйымдастыру үшін мұғалімдерге 0,25 ставкада, және/немесе шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді. Факультативтік сабақтар және таңдау бойынша курстар топтарда 10-нан астам адам болған жағдайда өткізіледі деген 3-тарауды басшылыққа ала отырып, 5-9 сыныптарда гимназиялық компонент топтарға бөлініп жұмыс оқу жоспары құрылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 3 қосымша 2 тарау 38 тармағында «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 3 қосымша 4 тарау 56 тармағында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Қосымша білім беру сағатынан шахмат үйірмесіне 0,25 жүктемесі есебінен берілді. Шахмат ойыны жоғары интеллектуалдық спорт түрі. Шахмат - адамның ақыл- ой дамуына ықпал ететін білім. Шахмат ойыны сонымен қатар, кеңістікті бағдарлай алу қабілетін дамытуға, ойлаудың аналитикалық синтетикалық жолдарын, ой-тұжырымдарын жасау, есте сақтау, қорытынды жасай алу қабілетін, мақсат қос білу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Осы жұмыс оқу жоспарында берілген инварианттық, вариативтік компонентінен пәндер бойынша сағат саны толық сақталған: жалпы негізгі сатыдағы 5-9-сыныптар аралығында ең жоғарғы оқу жүктемесі: апталық 503 сағат, жылдық 17102 сағат, соның ішінде 5 «А», «Ә», «Б»- сыныптарына апталық - 33,5 сағаттан, 6 «А», «Ә», «Б» - сыныптарына апталық - 33,5 сағаттан, 7 «А», «Ә», «Б» - сыныптарына апталық сағат - 36,5 сағат, 8 «А», «Ә», «Б» - сыныптарына апталық – 37,5 сағаттан, 9 «А», 9 «Ә» сыныптарына апталық сағат – 40 жүктеме берілген. Гимназиядағы жұмыс оқу жоспары

негізгі базалық профильдік қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағытына дайындау мақсатында гимназиялық компонент жекелеген пәндерді дамыта оқытуға әр сыныпқа берілген.

Жоспар ішіндегі вариативтік компоненті элективті курстар, гимназиялық компонент, жаһандық құзыреттілік, таңдау пәндері және спорттық ойындар болып бөлінеді. Элективті курстар - білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамдас бөлігі болып табылады, базалық оқу пәндерінің мазмұнын кеңейту, білім алушылардың қызығушылығы мен қабілеттеріне сәйкестендіріп, білім мен біліктілігін қалыптастыруға бағытталған. Гимназиялық компонент білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеті мен даму мүмкіншілігін қалыптастыруға негізделген.

Вариативтік компонент бойынша «Жаһандық құзыреттілік»тен 5-8-сыныптарға 0,5 сағат, 9 сыныптарға 1 сағат. Барлығы аптасына 8 сағат, жылына 272 сағат берілген.

Жаһандық құзыреттілік. Негізгі мақсаты: білім алушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Экологияның жаңалықтарымен таныстырады, өз денсаулығына, айналасындағы табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды үйретеді. Ақпаратты сыни қабылдау дағдыларын, коммуникативтік дағдыларын, дұрыс шешім қабылдауды, эмоционалды сауаттылықты дамытудың теориялық және практикалық аспектілерін қамтиды. Әлемдік және дәстүрлі діндердің, конфессиялардың тарихымен, олардың қазіргі қоғамдағы ролімен таныстыру, діннің танымдық-дүниетанымдық және психологиялық-педагогикалық аспектілерін ашады. Элективті курс «Абайтану» - Ұлы ақын шығармаларын терең де, жан – жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт – дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын тұлғаны қалыптастыру. Дене шынықтыру: спорттық ойындар. Жастар бойында дене тәрбиесін қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға бағыттау. Спорттық ойындардың адам денсаулығын қалыптастыруда алатын орны мен маңыздылығына көз жеткізу. Гимназиялық компонент:

1. «Таңғажайып ағылшын» - 5 «А», «Ә», «Б» - сыныптарында аптасына 1 сағаттан. Жалпы 34 сағат. Ұсынылып отырған «Amazing English» 5- сыныпқа арналған оқу- әдістемелік құралы ағылшын тілі пәнінен оқытылып отырған тілдің мәдениетаралық – коммуникативтік қызметін қамтиды. Сөйлеу әрекетінің төрт түрінде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) коммуникативтік біліктілікті ары қарай қалыптастыратын және дамытатын сөйлеу құзыреттілін дамытады.

2. «Франция қазақстандықтың көзімен» - 5 «А», «Ә», «Б» сыныптарында аптасына 1 сағаттан. Жалпы 34 сағат. Негізгі мақсаты- заман талабына сай, оқушыларды тілдерді игере отырып, сол елдің мәдениеті мен ерекшеліктерін үйренуге баулу. Тіл байлығын дамыту.

3. «Ежелгі Қазақстан тайпалары» - 5 «А», «Ә», «Б» - 1 сағат, 34 сағаттық курс негізінде оқушылардың Қазақтан тарихы бойынша білімдерін нығайту мақсатында құрылған. Курста Қазақстан аумағында бұл кезеңде қандай халықтардың тұрғанын, олардың немен шұғылданғанын біледі. Қызықты оқиғалар мен ертедегі көшпелілер сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, сарматтардың өмір салтымен кеңінен танысады.
4. «Логика» - 5 «А», «Ә», «Б» сыныптарында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Жалпы логикалық ойлау қабілетін дамыта отырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, есептерді шығаруда формулаларды пайдалану біліктілігін дамытуға жағдай жасау.
5. «Бағдарламалау негіздері» - 5 «А», «Ә», «Б» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. «Бағдарламалау негіздері» курсы бойынша оқу-әдістемелік құралында зертханалық және практикалық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар берілген. Бұл жұмыс есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, жүйелер және информатика бағдарламалау курсына арналған.
6. «Сырбайтану» - 5 «А», «Ә», «Б», сыныптарында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Негізгі мақсаты - ақын шығармаларын терең, жан-жақты таныту арқылы халқымыздың әдебиетін, өнерін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылықтарды бағалайтын талғамы жоғары білім-білік дағдыларын қалыптастыру.
7. «Тілдің меңгеру жолдары» - 6 «А», «Ә», «Б» сыныбында аптасына 1 сағаттан, жалпы 34 сағат. Ағылшын тілін тереңдетіп оқуға арналған. Оқушыларды ағылшын тілінде сөйлей білуге үйрету, сөздік қорын дамыту, ағылшын тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, өзіне берілген сұрақты тыңдап, түсініп, қысқа жауап беруге белгілі бір дәрежеде жүйелі сөйлей білуге, диалог түрінде әңгімелесе білуге үйрету.
8. «Франция қазақстандықтың көзімен» - 6 «А», «Ә», «Б» - сыныптарында аптасына 1 сағаттан. Жалпы 34 сағат. Негізгі мақсаты заман талабына сай, оқушыларды тілдерді игере отырып, сол елдің мәдениеті мен ерекшеліктерін үйренуге баулу. Тіл байлығын дамыту.
9. «Оқы да, ойла» - 6 «А», «Ә», «Б» сыныбында аптасына 1 сағаттан, жалпы 34 сағат. 2023 жылы мамырда ОӘК №5 хаттамасымен бекітілген. Курстың негізгі мақсаты - білім алушыларды мәтінде берілген ақпарат арқылы автордың ойын түсінуге және өз ойын негіздейтін негіздемелерді табуға бағыттау. Білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру.
10. «Логика» - 6 «А», «Ә», «Б» сыныптарында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Жалпы логикалық ойлау қабілетін дамыта отырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, есептерді шығаруда формулаларды пайдалану біліктілігін дамытуға жағдай жасау.
11. «Тұлғалар тарихы» (орта ғасырлар) - 6 «А», «Ә», «Б» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Қазақ хандығының құрылу тарихы, ұлы тұлғалардың өмірі, қызметі, қазақ халқы үшін істеген еңбектері, ел болу жолындағы саясаты, елдің ішкі жағдайын тұрақтандырудағы жетістіктері туралы оқушыларға түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

12. «Учимся понимать художественный текст» - 6 «А», «Ә», «Б» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Мәтін арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту, оқу дағдысын жетілдіру. Өз бетімен жұмыс жасауға қалыптастыру.

13. «Экономика әлемі» - 6 «А», «Ә», «Б» - 1 сағат, жалпы 34 сағат. Курстың мақсаты: оқушыларды болашақ әлеуметтік рөлдерді - тұтынушы, өндіруші, азаматтарды орындауға жақсы дайындау үшін экономикалық дамудың негіздері туралы жалпы түсініктерді қалыптастыру.

14. «Алгебралық есептерді шешу тәсілдері - 7 «А», «Ә», «Б» аптасына 1 сағаттан, жалпы 34 сағат. Алгебралық есептерді шешудің жеңіл және күрделі жолдарын үйрету, оқу материалдарымен байланыстыра отырып оқушылардың білімділіктерін арттыру. Жеткілікті түрде, әртүрлі есептер арқылы оқушыларды мектеп курсына қарастырылмайтын материалдармен таныстыру және кейбір сұрақтар бойынша оқушылардың білімдерін тереңдету. Оқушылардың дәстүрлі емес есептерді жүйелі түрде шығара білуін қамтамасыз ету.

15. «Мәтін – тілдік жүйе» - 7 «А», «Ә», «Б» сыныбында аптасына 1 сағаттан, жалпы 34 сағат. 2023 жылы мамырда ОӘК №5 хаттамасымен бекітілген. Курс мақсаты: білім алушыларды мәтін мазмұнын талдай отырып, өз білімдерін еркін қолдана алатын құзыреттілік қабілеті қалыптасқан, өз ойын сауатты қорғай алуға бейімдеу.

16. «Ағылшын тілінің лексикасы мен грамматикасы» - 7 «А», «Ә», «Б» сыныбында ағылшын тілін тереңдетіп оқуға арналған. Аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Ағылшын тілі лексикасы мен грамматикасы оқушыларға мәдениетаралық-қатысымдық құзыреттілікті және оның құрамдас бөліктерін: лексикалық және грамматикалық минимумды кеңейтуге, тілдік, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, бейімделу және әлеуметтік-мәдени біліктерін әрі қарай дамытуға бағытталған.

17. «Робототехника» - 7 «А», «Ә», «Б» сыныпқа арналған. Аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Қазіргі заман талабына сай оқушылардың бойында жасанды интелект бойынша жұмыс жасау дағдысын шыңдай отырып, заманауи білімді игеруге жол ашу.

18. «Ұлы тұлғалар тарихы» (жаңа заман) - 7 «А», «Ә», «Б» сыныпқа арналған. Аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Ұлы тұлғалар туралы оқушыларға тиянақты білім беру, берілген материалдарды меңгерту, тұлғалар туралы дүниетанымын қалыптастыру және олардың таным-түсінігін дамытуды көздейді. Бағдарламаның мақсаты - білім беру жүйесі арқылы ұлы тұлғалар өмірімен таныстыру. Ұлы тұлғалардың саяси қызметін, ерлігін баяндау арқылы қызығушылығын арттыру. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасау, тарихи деректі фильмдерді көру, тарихи деректермен жұмыс жасау арқылы білім дағдыларын қалыптастыру.

19. «Квадрат теңдеудің құпиялары» - 8 «А», «Ә», «Б» сыныпқа аптасына 1 сағатқа берілген, жалпы 34 сағат. Оқу материалдарымен байланыстыра отырып, оқушылардың білімдерін арттыру. Оқушылардың есептерді жүйелеп шығара беруін қамтамасыз ету. Есеп шығарудағы ойлау қабілеттерін дамыту.

Күрделі есептерді шығару жолдарын көрсете отырып, өз беттерімен есепті жүйелі шығаруға баулу.

20. «Ағылшын тілінде сөйлейтін елдерге саяхат» - 8 «А», «Ә», «Б» сыныбында ағылшын тілі пәнін тереңдетуге аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Ауызша және жазбаша хабарламаларды түсініп білу, өз бетінше және ұжыммен жұмыс істеу қабілетін дамыту жүзеге асады. Бағдарлама екі кезеңге бөлінген. Оқушылар бірінші кезеңде базалық білім алса, екінші кезеңде кәсіби бағдар беріледі. Ұлыбритания және АҚШ елдерін танып білуге арналған.

21. «Адам анатомиясы» - 8 «А», «Ә» - сынып оқушыларына арналып, орта буынның оқушыларын бейін алды даярлау мақсатында жүргізіледі. Курстың бағдарламасы 34 жылдық сағатқа есептелген, аптасына 1 рет өткізіледі. Курс биология пәнінің «Адам және оның денсаулығы» курсын тереңірек оқытуға және бейінді оқыту Концепциясына сай құрастырылған. Курс оқушылардың адам денсаулығы саласында білімдерін кеңейтуге, тұқым қуалайтын аурулардың ерекшеліктерін білуге, оқушылардың ересек өмірге дайындауға арналған, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі.

22. «Синтаксис словосочетания и простого предложения» - 8 «А», «Ә», «Б»- аптасына 1 сағат. Жалпы 34 сағат. Тақырып бойынша тереңдетілген білімді бере отырып, жазу дағдысын дамыту, сонымен қатар ойлау қабілеттерін жетілдіру.

23. «Жазылым дағдысын дамыту – сауаттылық негізі» - 8 «А», «Ә», «Б»- аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Облыстық оқу–әдістемелік кеңес отырысның №5 хаттамасы, 30.07.2024ж. Оқушылар элективті курс нәтижесінде жазылым дағдысының адам өміріндегі мән – маңызын түсініп, мазмұндық, логикалық тұрғыдан қисынды, тілдік нормаларға сай, жазылатын жанр талабы сақталған жазылым дағдыларын меңгереді.

24. «XX ғасырдағы Қазақстан» - 8 «А», «Ә», «Б» - аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының негізгі кезеңдерін жете меңгерту үшін тарихи оқиғалар, қазақ қоғамын дамытуға үлес қосқан нақты деректерді көбірек беруді мақсат етеді. Тарихи кезең оқиғаларын терең қамту, Қазақстанның саяси – экономикалық дамуы, іргелі оқиғаларды танып білуге, тереңірек түсінуге, олардың тарихи тағылымын есте сақтауға мүмкіндік береді.

25. «Негізгі курс бойынша тереңдетілген математика» - 9 «А», «Ә» сыныптарына арналған, аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Бұл бағдарлама оқушыларды жаңа білім стандарттары талаптарына сәйкес формасында емтиханға дайындауға арналған. Курстың мазмұны математиканың оқу бағдарламасынан тыс шығып кетпейтінін ескере отырып, оқушылардың білімін тест арқылы тексеріп, осы бағдарламада қарастырылған негізгі теориялық мәселелерді меңгеруге және оқыту дағдыларын дамытуға бағытталғанын атап өткен жөн.

26. «Еркін сөйлеу мәнері» - 9 «А», «Ә» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Ағылшын тілін тереңдете оқытуға арналған. Оқушыларының коммуникативті қабілеттерінің дамуына, олардың танымдық қызығушылықтарының артуына, шетел тілін меңгеруге мотивацияны

қалыптастыруға және жалпы оқулық біліктілікті дамытуға ықпал ететін тұлғалық-бағдарлаушылық, коммуникативті және лингво-мәдени жағдайларға негізделген.

27. «Практикалық қазақ тілі» - 9 «А», «Ә» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Аталған тапсырмалар жинағы білім беру мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдерге көмек құралы ретінде құрастырылды. Бұл мұғалімдердің ұжымдық жұмысының нәтижесі. Бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар қалыптастырушы бағалауды өткізуге, сабақты жоспарлауға, ұқсас тапсырмаларды құрастыруға және іріктеп алуға, оқу мақсатына жетуге қатысты сындарлы кері байланыс беруге көмектесетін үлгі болып табылады.

28. «Алаштану» - 9 «А», «Ә» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы жолында жанын берген Алаш азаматтарының аманатын кейінгі ұрпақ санасына сіңіре отырып, олардың бойында өткенге құрмет көрсету, ардақтыларымызды бағалай білу қасиеттерін қалыптастыру.

29. «Биофизика салалары» - 9 «А», «Ә» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Бұл құрал биология және физика пәндерінен сабақ беретін мұғалімдерге арналған. Бұл әдістемелі құралда биология және физика пәндерін кіріктіріп оқытатын таңдау курсының бағдарламасы қамтылған. Кіріктіріп оқыту принципі арқылы тәрбие істерінің құндылық мәнін күшейту мақсатында олардың рухани – адамгершілік білім мазмұнына қалыптастыру.

30. «Адам және оның денсаулығы» - 9 «А», «Ә» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. «Адам және оның денсаулығы» атты элективті курстың бағдарламасы жалпы білім беретін мектептердің/гимназия/лицейлердің 9-сынып оқушыларына арналып, орта буынның оқушыларын бейін алды даярлау мақсатында жүргізіледі. Курс оқушылардың адам денсаулығы саласында білімдерін кеңейтуге, әлеуметтік маңызы бар және тұқым қуалайтын аурулардың ерекшеліктерін білуге, оқушылардың ересек өмірге дайындауға арналған, жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өмірге барынша бейімделуіне бағытталған.

31. «Секреты текста» - 9 «А», «Ә» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Қорытынды аттестацияға дайындық құралы болып табылады. Негізгі мақсат мәтінді талдауға көмектеседі. Әдебиет нормаларын танып білуге негізделген.

Жұмыс оқу жоспары МЖМББС-на сай, ең жоғарғы оқу жүктемесі сақталып құрылды. Жұмыс оқу жоспары және вариативтік курстардың бағдарламалары 29 тамыз 2024 жылы №1 педагогикалық кеңесте қаралып бекітілді.

2024-2025 оқу жылына 10 «А», 11 «А» сыныпқа арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) жұмыс оқу жоспары келесі бөлімдерден тұрады: инварианттық, вариативтік, гимназиялық компонент. Төмендегі құжаттар басшылыққа алынды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а 2023 жылғы 18 тамыз № 264 бұйрығы) - 29-қосымшаға сәйкес «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары». Инварианттық бөлімдегі таңдау бойынша пәндерден тереңдетілген деңгейдегі пәндерден білім алушылардың сұранысын ескере отырып география мен дүниежүзі тарихы пәндері апталық 2 сағаттан, стандарттық деңгейдегі пәндерге физика мен биология апталық 2 сағаттан пәндері алынды. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 113б..

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ жалпы орта білім курсы бойынша 10-11 сыныптардың оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасын құрайды, оқу аптасы - 5 күн.

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде «гимназия мен лицейлерге білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар және т.б. ұйымдастыру үшін мұғалімдерге 0,25 ставкада, және/немесе шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді.

Жоғарыдағы 29-қосымшаға сәйкес қоғамдық–гуманитарлық бағыттағы сыныптарда дүниежүзі тарихы мен география пәндері тереңдетіліп оқытылады.

10 «А», 11 «А» сыныптарында апталық сағат 38-ден, жалпы 76 сағатты құрайды.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні арнайы Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 кешкі мектеп» КММ жанындағы АӘЖТД оқу әдістемелік орталығында жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және

оқыту уақытында жүргізіледі.

Жоспардағы вариативтік компонент: гимназиялық компонент, жаһандық құзыреттілік, таңдау пәндері және спорттық ойындар болып бөлінеді. Гимназиялық компонент - жеке тұлғалық қасиеті мен даму мүмкіншілігін қалыптастыруға негізделген.

«Жаһандық құзыреттілік» - 10 «А», 11 «А» сыныптарында аптасына 1 сағаттан, жылдық 34 сағат. Негізгі мақсаты - білім алушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Экологияның жаңалықтарымен таныстырады, өз денсаулығына, айналасындағы табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды үйретеді. Ақпаратты сыни қабылдау дағдыларын, коммуникативтік дағдыларын, дұрыс шешім қабылдауды, эмоционалды сауаттылықты дамытудың теориялық және практикалық аспектілерін қамтиды. Оқушыларды ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйретеді. Сондай-ақ оқушылардың бойында гуманистік дүниетанымның негіздерін рухани адамгершілік құндылықтардың жеке сенімнің жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді. Әлемдік және дәстүрлі діндердің, конфессиялардың тарихымен, олардың қазіргі қоғамдағы ролімен таныстыру, діннің танымдық-дүниетанымдық және психологиялық-педагогикалық аспектілерін ашады. Дене шынықтыру: спорттық ойындар. Жастар бойында дене тәрбиесін қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға бағыттау. Спорттық ойындардың адам денсаулығын қалыптастыруда алатын орны мен маңыздылығына көз жеткізу.

Гимназиялық компонент аптасына екі сыныпқа 8 сағат, жылдыққа 272 сағатты құрайды:

1. «Ағылшын грамматикасы – таныс, таныс емес» – 10 «А» аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Әдістемелік құралы ағылшын тілінен бақылауға дайындауға, сондай ақ әдеттегі кателердің алдын алу мен диагностика жасауға арналған.
2. «Қазақ тілінің стилистикасы» - 10 «А» аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Білім алушылар курс аясында стилистика ғылымының теориялық негіздерімен танысады; қазақ әдеби тілінің стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мәлімет алады.
3. «Тригонометриялық өрнектерді түрлендіру» - 10 «А» аптасына 1 сағат, 34 жалпы сағат. Курс бағдарламасы аясында тригонометриялық өрнектерді шешудің негізгі тәсілдерін меңгереді
4. «Мәдени мұра – ел қазынасы» - 10 «А» сыныбында аптасына 1 сағат, 34 жалпы сағат. Курс бағдарламасында мәдениет тақырыбы бойынша мазмұны мен негізгі мәселелері қарастырылған.
5. «Лексика-грамматикалық практикум» - 11 «А» сыныпқа арналған, аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Курс бағдарламасы ағылшын тілін толық түсінік қалыптастыруға көмек береді. Оқу құралындағы жаттығулар кешені оқушының сөздік қорын кеңейтіп, грамматикасын меңгеруге, ағылшын тілінде оқу, жазу және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған.
6. «Теңдеулер мен теңсіздіктер» - 11 «А» сыныбы аптасына 1 сағат, жалпы 34

сағат. Облыстық оқу–әдістемелік кеңес отырысының №2 хаттамасымен 24.02.2023ж. бекітілген. Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу тақырыбы арқылы оқушылар білімдерін тереңдету және кеңейту, күрделілігі жоғары тапсырмаларды шешу дағдыларын қалыптастырады.

7. «Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті» - 11 «А» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Мәдениет сөзінің шығу тарихынан бастау ала келіп, тарих әдебиетер пәндерімен сабақтастыра отырып, пән бойынша қамтылған мәселелердің мазмұнын, оның негізгі даму кезеңдерін және қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін үйрете отырып, мәдени жан-жақты оқыту мақсатында жүргізіледі.

8. «Биік ойдың шыңы - эссе» - 11 «А» аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Облыстық оқу–әдістемелік кеңес отырысының №2 хаттамасымен 24.02.2024ж. бекітілген. 11- сынып оқушыларына эссе жазудың қыр – сырын үйретіп, өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға даярлау. Оқу материалдары бойынша курста әдеби түрде жазу дағдыларын меңгереді.

Жұмыс оқу жоспары МЖМББС-на сай, ең жоғарғы оқу жүктемесі сақталып құрылды. Жұмыс оқу жоспары және вариативтік курстардың бағдарламалары 29 тамыз 2024 жылы №1 педагогикалық кеңесте қаралып бекітілді.

2024-2025 оқу жылына 10 «Ә», 11 «Ә» сыныпқа арналған жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) жұмыс оқу жоспары келесі бөлімдердің тұрады: инварианттық, вариативтік, гимназиялық компонент. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а 2023 жылғы 18 тамыз № 264 бұйрығы) - 27-қосымшаға сәйкес «оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары». Инварианттық бөлімдегі таңдау бойынша пәндерден тереңдетілген деңгейдегі пәндерден білім алушылардың сұранысын ескере отырып физика мен химия пәндері апталық 3 сағаттан, стандарттық деңгейдегі пәндерге құқық негіздері мен дүниежүзі тарихы апталық 1 сағаттан пәндері алынды.

«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 113б..

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ жалпы орта білім курсы бойынша 10-11 сыныптардың оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасын

кұрайды, оқу аптасы - 5 күн.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыныптарда 24 білім алушы болуына байланысты төмендегі пәндер екі топқа бөлінді. 11 «Ә» сыныбында келесі оқу пәндері топқа бөлінген: орыс тілі мен әдебиеті; шетел тілі; информатика. Ал 10 «Ә» сыныбында сыныптың толымсыздығына байланысты топқа бөлінбейді. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде гимназия мен лицейлерге білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар және т.б. ұйымдастыру үшін мұғалімдерге 0,25 ставкада, және/немесе шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді. Факультативтік сабақтар және таңдау бойынша курстар топтарда 10-нан астам адам болған жағдайда өткізіледі деген 3-тарауды басшылыққа ала отырып, 11 «Ә» гимназиялық компоненттік курстар топқа бөлініп жұмыс оқу жоспары құрылды. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні арнайы Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 кешкі мектеп» КММ жанындағы АӘЖТД оқу әдістемелік орталығында жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Жоспардағы вариативтік компонент: элективтік курс, гимназиялық компонент, жаһандық құзыреттілік, таңдау пәндері және спорттық ойындар болып бөлінеді. Гимназиялық компонент - жеке тұлғалық қасиеті мен даму мүмкіншілігін қалыптастыруға негізделген.

10 «Ә», 11 «Ә» сыныбында апталық сағат 39-дан, жалпы 78 сағатты құрайды.

1. «Жаһандық құзыреттілік» - 10 «Ә», 11 «Ә» сыныптарында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Негізгі мақсаты: білім алушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Экологияның жаңалықтарымен таныстырады, өз денсаулығына, айналасындағы табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды үйретеді. Ақпаратты

сыни қабылдау дағдыларын, коммуникативтік дағдыларын, дұрыс шешім қабылдауды, эмоционалды сауаттылықты дамытудың теориялық және практикалық аспектілерін қамтиды. Оқушыларды ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйретеді. Сондай-ақ оқушылардың бойында гуманистік дүниетанымның негіздерін рухани адамгершілік құндылықтардың жеке сенімнің жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді. Әлемдік және дәстүрлі діндердің, конфессиялардың тарихымен, олардың қазіргі қоғамдағы ролімен таныстыру, діннің танымдық-дүниетанымдық және психологиялық-педагогикалық аспектілерін ашады.

2. «Отбасы психологиясы» - 10-11 сыныптарға арналған. Оқушылардың неке және отбасы туралы түсінігін, дәстүрлі отбасының жеке құндылықтарын және оның рухани – өнегелік негіздемесін қалыптастыру болып табылады.

Гимназиялық компонент аптасына 8 сағат, жылдыққа 272 сағатты құрайды:

1. «Қазақ тілінің стилистикасы» - 10 «Ә» аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Білім алушылар курс аясында стилистика ғылымының теориялық негіздерімен танысады, қазақ әдеби тілінің стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мәлімет алады.

2. «Мәдени мұра – ел қазынасы» - 10 «Ә» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Курс бағдарламасында мәдениет тақырыбы бойынша мазмұны мен негізгі мәселелері қарастырылған.

3. «Тригонометриялық өрнектерді түрлендіру» - 10 «Ә» аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Курс бағдарламасы аясында тригонометриялық өрнектерді шешудің негізгі тәсілдерін меңгертуге арналған.

4. «Жалпы биология» - 10-11 «Ә» сыныптарға арналған, әр сыныпта аптасында 1 сағаттан, 68 сағат. Курс құралы жүйелі, оқу материалын толық қайталауға және игеруге көмектеседі. Мектеп бағдарламасындағы биология пәнінің мазмұны бойынша толық мәлеметтерді кесте түрінде береді.

5. «Жасанды интеллект және машиналық оқыту» - 11 «Ә» сыныбында аптасына 1 сағаттан, жалпы 34 сағат. Жасанды интеллект төңірегіндегі зерттеулер бағыты туралы, семантикалық желілер, сөйлемдер және математикалық өрнектердің мағыналарын түсіну туралық ақпараттарды игертуге бағытталған.

6. «Теңдеулер мен теңсіздіктер» - 11 «Ә» сыныбында аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Облыстық оқу–әдістемелік кеңес отырысының №2 хаттамасымен 24.02.2023ж. бекітілген. Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу тақырыбы арқылы оқушылар білімдерін тереңдету және кеңейту, күрделілігі жоғары тапсырмаларды шешу дағдыларын қалыптастырады.

7. «Биік ойдың шыңы - эссе» - 11 «А» сыныбында, аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағат. Облыстық оқу–әдістемелік кеңес отырысының №2 хаттамасымен 24.02.2024ж. бекітілген. 11 сынып оқушыларына эссе жазудың қыр – сырын үйретіп, өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға даярлау. Оқу материалдары бойынша курста әдеби түрде жазу дағдыларын меңгереді.

8. «Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті» - 11 «Ә» сыныбында аптасына

1 сағат, жалпы 34 сағат. Мәдениет сөзінің шығу тарихынан бастау ала келіп, тарих әдебиетер пәндерімен сабақтастыра отырып, пән бойынша қамтылған мәселелердің мазмұнын, оның негізгі даму кезеңдерін және қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін үйрете отырып, мәдени жан-жақты оқыту мақсатында жүргізіледі.

Жұмыс оқу жоспары МЖМББС-на сай, ең жоғарғы оқу жүктемесі сақталып құрылды. Жұмыс оқу жоспары және вариативтік курстардың бағдарламалары 29 тамыз 2024 жылы №1 педагогикалық кеңесте қаралып бекітілді.

Оқыту сабақтарының кестесі: сабақ кестесі гимназияның оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалады және "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына (бұдан әрі – СанПин) сәйкес талаптар бойынша құрастырылған. Мектептің сабақ кестесі инварианттық компонент (негізгі сабақ кестесі), вариативтік компонент (таңдау пәндер, жаһандық құзыреттілік курсы, элективті курстар, гимназиялық компонент), үйірмелер үшін жеке жасалады. Курс сабақтары міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарланады. Сабақ кестесі білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді. Сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы 5 минутты және 2, 4 сабақтардан кейін 15 минуттық екі үлкен үзілісті жалпы 30 минутты құрайды. Сабақ кестесі мектептің ата-аналар комитетінің төрайымымен келісіліп, гимназия директорымен бекітілген. 5-11 сыныптарда оқу үдерісін оңтайландыру және үй тапсырмасының көлемін азайту үшін қосарланған сабақтар қарастырылған. Инварианттық компонент 5-сыныптарда - 27 сағат, 6-сыныптарда - 27 сағат, 7-сыныптарда - 28 сағат, 8-сыныптарда - 28 сағат, 9-сыныптарда - 29 сағат, 10-сыныптарда - 28 сағат (соның ішінде 1 сағат АӘД), 11-сыныптарда - 27 сағат (соның ішінде 1 сағат АӘЖТД), 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің 1 сағаты арнайы Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 кешкі мектеп» КММ жанындағы АӘЖТД оқу әдістемелік орталығында жүзеге асырылады. Негізгі сабақ кестесіндегі пән атаулары және вариативтік компоненттегі элективті курстардың, жеке және топтық жұмыс сабақтарының атаулары мектептің оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі пәндер бойынша жүктеме жұмыс оқу жоспарымен сәйкес келеді.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы негізінде жүзеге асырылды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының орындалуы – 100%.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

2022-2023 оқу жылында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ-нің тәрбие жұмысын жоспарлау жеке тұлғаны дамытудың тұжырымдамалық негіздері шеңберінде жүзеге асырылды. Оның негізгі идеясы - Абайдың «Толық адам» рухани қоғамында енгізілген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі. Гимназияның тәрбие жүйесі тұжырымдамасының *мақсаты* – «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын іске асыру арқылы Қазақстан Республикасының азаматы, патриоты жаңа қоғам жағдайында түлек бейнесін қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: гимназияның отбасымен ынтымақтастық үдерісінде тұлғаға бағытталған жалпы адамзаттық құндылықтарды дамыту.

Тәрбие жұмысының мақсаты: тәрбие бөлімі мен оқытудың барлық үдерісінде «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасын іске асыру аясында Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуына баса назар аударуды күшейту.

Тәрбие жүйесінің міндеттері:

- «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасын жетілдіру негізінде ұлттық сананы дамыту, адамгершілік және азаматтық қасиеттерді қалыптастыру;
- патриоттық сананы қалыптастыру;
- облыстық «Үндестік» жобасын іске асыру шеңберінде отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау;
- рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту;
- жалпы адамзаттық қасиеттер негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастырудың кешенді, үздіксіз және тұрақты жүйесін құру.

Барлық тәрбие қызметі келесі бағыттарға сәйкес құрылған:

- қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу;
- рухани-танымдық тәрбие;
- ұлттық тәрбие;
- отбасылық тәрбие;
- еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- интеллектуалдық тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
- дене тәрбиесі, салауатты өмір салты;
- ЖЖЕ;
- мектепішілік жобалар;

- ақпараттық: «Мектеп сайты», «Фейсбук», «Instagram».

Әрбір бағыт «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады:

- «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру;
- балалардың қоғамдық қозғалыстары мен оқушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту;
- пікірсайыс қозғалысын, шешендік өнерді дамыту;
- ұлттық тәрбие, туған жерге деген сүйіспеншілік және волонтерлық жұмыстарды жаңғыртуға бағытталған құндылықтар жүйесін қалыптастыру шеңберінде мектепішілік жобаларды іске асыру;
- педагогтардың, ата-аналар мен оқушылардың өзара іс-қимылын жақсартуға бағытталған «Үндестік» облыстық жобасын іске асыру;
- кітап оқуды қолдау және оның беделін арттыру мақсатында "Оқуға құштар мектеп" республикалық жобасын іске асыру;
- оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын-алу бойынша алдын-алу жұмыстары;
- «Адал Ұрпақ» клубының жұмысы арқылы оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру;
- «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының идеяларын іске асыру шеңберінде оқушылардың елдің, кіші Отанның мәдени және тарихи мұрасын зерделеуі;
- оқушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылығын қалыптастыру;
- білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ұжымдық - шығармашылық істер, спорт секциялары, үйірмелер мен тәрбие іс-шаралары арқылы іске асыру.

Тәрбие жұмысының жоспарының жүзеге асырылуы келесі қажетті нормативтік-құқықтық базаға сәйкес жүргізіледі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды;
- Бала құқықтары туралы конвенция (Нью-Йорк, 20 қараша 1989 ж.);
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- О религиозной деятельности и религиозных объединениях. Закон Республики Казахстан от 11 октября 2011 года № 483-IV;
- Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы;
- Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ;

- ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері;
- Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы;
- Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысы;
- «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заң;
- «Сапалы білім – Білімді ұлт» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 хабарламасы);
- «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 бекітуі);
- «Балалардың әл-ауқат индексіні бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21 рұқсаты;
- Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңарту және жаңғырту жолы» Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз);
- Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар).

Тәрбие процесін қамтамасыз етудің негізгі құралдары:

- ата-аналармен жұмыс;
- сынып ұжымымен жұмыс;
- жалпымектептік демалыс ұжымдық-шығармашылық істер;
- үйірме қызметі;
- спорттық-сауықтыру қызметі;
- мерекелер, концерттер.

Тәрбие жоспарын жүзеге асыру жолдары анықталды:

- білім алушылардың шығармашылық-тұлғалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру ортасы компоненттерінің құрылымы мен мазмұнын жетілдіру;
- қаланың қосымша білім беру және тәрбие бағытындағы (мәдениет орталықтары, кітапханалар, мұражайлар, денсаулық, құқық органдарымен) мекемелерімен ынтымақтастықты кеңейту.

Білім беру формаларын таңдау мыналарға негізделген:

- білім алушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу;
- балалар ұжымының даму ерекшеліктерін және оның дәстүрлерін талдау;
- білім берудің өңірлік компонентін есепке алу;
- гимназияның техникалық және материалдық мүмкіндіктері;

- сынып жетекшілері, тәрбиешілер мен қосымша білім беру педагогтарының кәсібилігі деңгейінде.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін келесі құрамдағы одақтастық жасақталды. Олар: әлеуметтік-психологиялық қызмет, ата-аналар, сынып жетекшілер, серіктестер, өзін-өзі басқару ұйымы, қосымша білім беру педагогтары. Сонымен қатар, мектепте жоғарғы білімді әлеуметтік педагог, педагог-психолог және кітапханашы жұмыс атқарады.

2022-2023 оқу жылында «Балалар жылы» аясында жүзеге асырылды. Тәрбие бағытындағы сұрақтар гимназияның педагогикалық кеңесінде, директор жанындағы отырыстарда қаралды.

2023-2024 оқу жылында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ-нің тәрбие жұмысын жоспарлау «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.

Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

Бұл бағытта жыл сайын педагогикалық ұжыммен үлкен жұмыс жүргізіледі. Әр дүйсенбі күні мектеп оқушылары жаңа аптаны ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындаудан бастайды. Дәстүрлі түрде «Қазақстан Республикасы күні», «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымын сайлау, «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымына қабылдау, тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсізбін деп жырлайды жүрегім» атты мерекелік кеш, «7 мамыр ҚР қорғаныс үштері күні», «9 мамыр Жеңіс күні» және т.б. іс-шаралары үлкен ауқымды іс-шаралар ретінде ұйымдастырылып өткізілді.

Оқу жылының басы дәстүрлі «Алғашқы қоңырау» іс-шарасымен бастау алды. Биылғы оқуға қабылданған 5-сынып оқушыларына салтанатты жиын ұйымдастырылып, 5-11 сынып оқушыларына сынып жетекшілер «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

2023 жылғы 8 қыркүйекте Республикалық 4-5 минутты құрайтын «ДЕНЕ СЕРГІТУ» челленджіне қатысты. Челлендж Республиканың барлық өңірлерінде Астана уақыты бойынша сағат 12.00-де басталды. Бұл сергіту челленджіне 5-11 сынып оқушылары өздеріне бөлінген түстер бойынша футболкалар киіп, спорттық нақыл сөздер жазылған тактайшалар көтеріп белсенді қатысты. 11-қыркүйек күні әлеуметтік желілерде «Отбасы-2023» челленджін ұйымдастырылды. Отбасындағы негізгі ережелер мен құндылықтар туралы постты 7-сынып оқушылары жариялады.

2023 жылғы 1-30 қыркүйек аралығында Мектеп парламенттер арасында Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Туған тілім – бабам тілі – өз тілім» челленджі өткізілді. Бұл өлең жолдарын оқуға 5-6 сыныптың белсенді оқушылары жоғарғы деңгейде атсалысты. Гимназияның 5-6 сынып

оқушылары челленджге қатысып, атсалысты. Гимназиямыздың “Мұғалім - мектептің жүрегі” атты ұстаздар күніне арналған мерекелік концерт өтті. Мерекелік іс-шараға гимназия оқушылары белсене атсалысып, ұстаздарына деген құрметін әдемі ән шашу мен, спорттық ойындармен көрсете білді.

«25 қазан Республика күні» және «16 желтоқсан Тәуелсіздік күні» мерекелері аясында түрлі интеллектуалды ойындар, спорттық іс-шаралар, Республикалық челленджер, кездесулер ұйымдастырылды.

Ауғанстаннан әскерлердің шығарылғанының 35 жылдығына және Таулы Қарабахтан әскерлердің шығарылғанының 30 жылдығына орай мектебімізде соғыс ардагерлерімен кездесу өтті. Осы іс-шара аясында мектеп оқушыларының арасында шахматтан достық турнирі өтті.

9-мамыр «Жеңіс күні» және 7-мамыр «Отан қорғаушылар» мерекесі аясында мектебімізде «Варшава келісімі» бойынша шет елдерде (Германия, Польша, Венгрия, Чехия, МНР) әскери борышын атқарған, Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстандық ардагерлердің қатысуымен «Ерлік сабағы» іс-шарасы өтті. Іс-шара барысында қонақтар мен білім алушылар «Отанға деген сүйіспеншілік», «Отан алдындағы борыш», «Тарихи оқиғалар», «Халықтар бірлігі» тақырыптары аясында сұхбаттасты. Сыныптарда «Ерлік сағаттары» тәрбие сағаттар өткізілді. «Ұлы жеңіс күні» мерекесіне орай мектептің театр үйірме шәкірттері Сәкен Жүнісовтің «Жаралы гүлдер» атты драмасын сомдады. Қойылым барысында оқушылар өздерінің актерлік шеберлігін көрсетіп, көрермен қошеметіне бөленді.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу бағыты бойынша жыл бойы «Қауіпсіз мектеп ортасы», «Буллинг дегеніміз не және одан қалай қорғану керек», «Құқықтық сауаттылық – заман талабы», «Заңды білу – заман талабы», «Азаматтық қорғаныс күні», «Терроризмнен сақтану жолдары» тақырыптар аясында іс-шаралар ұйымдастырылып, құқық қорғау органдарының қызметкерлері ЖЖЕ және көшедегі қауіпсіздік туралы түсіндірме жұмыстарын өткізді.

Мектептің жоғарғы сынып оқушыларынан құралған «Мектеп парламенті» жұмыс істейді.

Гимназия ішілік парламент жұмысын үйлестіруде арнайы ережелері бар.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы;
2. Ақпарат фракциясы;
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы;
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология);
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік);
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық);
7. Дебат қозғалысының фракциясы;
8. Экология және еңбек фракциясы;

Фракциялар құрамында «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары да қатар жұмыс істеуде.

«Біртұтас ұлттық тәрбие» бағдарламасына сәйкес Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен білім беру ұйымдарында «ТӨРТ

ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында «Ақындар айтысын» дәріптеу ұсынылып отыр. Осы орайда Эльмира Сапаровнаның ұйымдастыруымен гимназиямызда «Айтыскерге 5 сұрақ» деген атаумен жерлес ақынымыз, Қазақстанның халық ақыны, Қазақстан Мәдениет және Білім саласының Үздігі, Қостанай қаласының құрметті азаматы Әсия Әйіпқызы Беркеновамен кездесу өткізілді. Кездесуге жоғары сынып оқушылары қатысып, өнер жайлы өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Өмірі өнеге ақынның ұлттық құндылық туралы айтқан әңгімелері қанық болды. Гимназияда 17 қазан күні 8-11 сыныптар арасында психолог Махаббат Таттыбаеваның ұйымдастыруымен “Кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қол сұғушылықтың алдын -алу” тақырыбында семинар практикум өткізілді. Заңдармен таныстырып, қоғамдағы барлық жағдайларды тақылады. Тақырып негізінде алдын алу үшін түрлі іс-шара өткізілуі керектігі айтылды.

31 қазан күні, гимназияның 8-сынып оқушы қыздары облыстық “Сырғалым” жобасында қонақ болды. Жоба мақсаты: Қазақ қыздарының бойына ұлттық салт-дәстүрлерімізге байланысты әже-ана мектебінен тәлім-тәрбие беру. Жоба оқушыларымызға жақсы үлгі бола білді.

3 қараша күні “Тіл тамыры-отбасы” қалалық байқауда гимназиямыздың 6 «Б» сынып ата-анасы Сұлтановтар отбасы қатысып мерейлі 3-орынға ие болды. Сұлтановтар отбасын жеңістерімен құттықтаймыз.

15 қараша, Ұлттық валютамыздың айналымға енгізілген күні. 26 жыл бойы теңге тәуелсіздігіміздің кепілі ретінде экономикамызға қызмет етіп келеді. Қазақстанның теңгесінің номиналы 3 мәрте әлемнің ең үздік банкноты ретінде таңдалған болатын. Осыған орай гимназиямыздың 5 “Ә” сыныбы «Теңге – тәуелсіздік келбеті» атты викториналық ойындар ұйымдастырды. Оқушылар белсенді сұрақтарға жауап беріп, сыйлықтарға ие болды.

17 қараша күні гимназияда 8-9-10 сыныптар арасында «Менің сыныбым - менің мақтанышым» байқауы өтті. Мақсаты: Оқушылардың қоғам алдында белсенділігін арттыру. Тәрбие мен білім дағдыларын қалыптастыру. Сынып ішінде ауызбіршілікті нығайту. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу. Бағдарламасы:

1. Сыныпты таныстыру (визитка)- 3 мин.
 2. «Менің сыныбым» тақырыбында сыныптың ерекшелігі (изюминка)-3мин.
 3. «Сұрақ-жауап» жағдаяттық сұрақтар (ситуация)- 2 мин.
- 1-орын: 10 «А», 2-орын: 10 «Ә», 3-орын: 9 «Ә» сыныптары иеленді. Қалған қатысушы сыныптар, номинациялармен марапатталды.

2023 жылдың 28 қарашасында С.Мәуленов атындағы гимназияда 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында және «Үндестік» жобасы аясында, гимназия мен ата-аналар арасында өзара байланысты нығайту негізінде 5-сынып оқушыларының ата-аналары үшін ашық есік күні өткізілді.

Биылғы оқу жылында 5 сыныптарда барлығы 75 оқушы, ата-аналар жиналысына 50-ден аса ата-аналар жиналып, мұғалімдерден өз балаларына қатысты негізгі сұрақтарға жауап алды.

24 қараша күні, гимназияда 5-7 сыныптар аралығында “Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі” тақырыбында сурет байқауы өтті. Мақсаты: Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық мәселелерін көрсетуге мүмкіндік беру, елдің қоғамдық өміріне қатысуын арттыру. Оқушылардың әлеуметтік мәселелерді шешуге тарту, соның ішінде шығармашылық тұрғыдан дамыту. Сыбайлас жемқорлық әрекетінің зардабын көрсету және одан жас ұрпақтың аулақ болуын камтамасыз ету.

30 қараша күні, гимназияда 8-9-10 сыныптар арасында «Өзіңді қорға!», «ЖИТС-не жол жоқ!» «СПИД – пен күрес» тақырыптарында суреттер байқауы өтті. Мақсаты: «1 желтоқсан - Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне» және мектептің тәрбие жоспарына сәйкес, оқушылардың ЖИТС туралы білімін қалыптастыру, ЖИТС проблемасын түсіну, АИТВ-ға төзімділік және жұғу жолдары туралы білімдерін нығайту, инфекция және инфекциядан қорғау, жұқпалы аурулардан бойларын аулақ ұстауға, денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға, салауатты өмір салтының ұстанымын қалыптастыру.

Жаңа жыл қарсаңында 2023 жылғы 26 желтоқсанда С.Мәуленов атындағы гимназия қызметкерлері, ата-аналар комитеті және оқушылар жетім балалар мен ата-анасынын қамқорлығынсыз қалған балаларына арналған “Жанұя” отбасылық үлгідегі балалар ауылына барды. Гимназияның ата-аналар комитетінің атынан барлық тәрбиеленушілерге тәтті сыйлықтар, торттар, жемістер мен оқу- құралдары берілді. Өз кезегінде, тәрбиеленушілер, сондай-ақ балалар ауылының қызметкерлері Аяз Ата мен Ақшақардың қатысуымен сыйлықтар мен концерттік нөмірлерге өте риза болды. Ата-анасының қамқорлығынан айырылған әрбір бала өзін жалғыз сезінбей, қамқорлықты сезінуі керек. Балалардың көздеріндегі қуаныш және “рахмет!” деген сөздері осы іс-шараға қатысқандардың ешқайсысын бей-жай қалдырмады. 19 қаңтар күні, 5-6 сыныптар арасында «Қыс қызықтары» жайдарман ойыны өтті. Мақсаты: «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында оқушылардың қоғам алдында белсенділігін арттыру. Тәрбие мен білім дағдыларын қалыптастыру. Сынып ішінде ауызбіршілікті нығайту. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу. Бағдарламасы: 1. Таныстыру (визитка)- 3 мин. 2. «Қыс қызықтары» тақырыбында үй тапсырмасы – 5 мин. Қойылған талаптар: Әр сыныптың белсенділігін, татулығын, ұйымшылдығын көрсету; қатысушы сынып өздерінің гимназия ішкі тәрбие жұмысында топпен жұмыс істеуі; сайыс барысында: бас жүлде: 6А, 1-орын: 6Б, 2-орын: 5Б, 3-орын-6Ө сыныптары иеленді. Қалған қатысушы сыныптар арнайы номинациялармен марапатталды.

Гимназиямыздың мектеп парламенті ұйымы «Мектеп парламентінің өмірінен бір күн» облыстық қашықтық конкурсының қалалық кезеңіне қатысуда. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты – білім алушылардың білім беру ұйымын басқаруға қатысу нысаны ретінде Мектеп парламенттерінің қызметін насихаттау.

Міндеттері:

- 1) әлеуетті басқарушы кадрлардың деректер банкін қалыптастыру үшін оқушылардың өзін-өзі басқаруының белсенді жұмыс істейтін көшбасшыларын анықтау;
- 2) әрбір білім алушыны білім беру ұйымдарының қоғамдық өміріне тарту;
- 3) білім алушылардың шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамыту.

16 ақпан күні гимназияда “Кәмелетке толмағандарға қатысты аутодеструктивті (суицидтік) мінез-құлық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу” атты тақырыпта, Бірыңғай облыстық жалпы мектептік ата-аналар жиналысын өткізді. Сонымен қатар жиналыс 2 деңгейен тұрды теориялық және тәжірибелік бөлімнен және тақырыпқа сай ата-аналарға педагог-психолог тренинг өткізіліп жадынамалар таратты. Жиналысқа Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының “Психологиялық қолдау және қосымша білім беру өңірлік орталығы” КММ психологы Орналы Меруерт Бақытбекқызы, ата-аналар комитетінің төрайымы Омарова А.Х., инспектор Бейсенова А.Б., директор Мадиебаев А.И., ДТІЖО Алимова Г.Н., педагог-психолог Ниязбекова Г.Т және әлеуметтік педагог Бекбаева А.А қатысты.

1-наурыз “Алғыс айту” күні. Бұл күні барша адамзат өз жақындарына, елге, досқа алғыстарын білдіруде. Біздің гимназиямыздың ұстаздары мен оқушылары да өздерінің ризашылық, алғыстарын білдіріп рахмет айтуда.

7 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай гимназияда “Шын жүректен...!” атты мерекелік концерт өтті. Бұл мерекеге гимназия ер мұғалімдері өз-өнерлерін көрсетіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Гимназияда мерекеге орай түрлі іс-шаралар өткізілді.

2024 жылдың 1 сәуірінде Жастар денсаулық орталығының СӨС алдын алу және әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі Нуртазенова Гүлзада Даркенқызы және педиатр Бейсенбина Орынкүл Еркенқызы. С. Мауленова «Жасөспірімдер мен жастардың дұрыс тамақтануы», «Жасөспірімдердегі асқазан-ішек жолдарының жұқпалы емес аурулары» (ҰИА) және "Есірткіге тәуелділік-ел дерті" тақырыптарында дәріс оқыды. Есірткі ғасыр дерті, жасөспірімдер арасында қалай сақтануға болады жолдары көрсетілді. Дұрыс тамақтанудың негізгі мақсаты – теңдестірілген тамақтану. Сіздің өміріңіздің әртүрлі кезеңдерінде, әсіресе сіздің ересек адам ретінде қалыптасу кезеңінде не жейтініңізді бақылау әрқашан болуы керек.

Гимназияда 13 наурыз күні, “Асар күні” аталып өтті. Ата-аналар, оқушылар, гимназия мұғалімдері асарлатып тұрмыстық заттар, бұзылмайтын азық-түлік, оқу құралдарын жинақтап бірлігін көрсетті.

10 сәуір күні гимназиямызда Ұлттар бірлігі күніне орай “Ұлттар жәрмеңкесі” аталып өтті. 5-6-7 сынып оқушылары өз өнерлерін көрсеті. С.Мәуленов атындағы гимназияда "Мектебім, саған мың алғыс" атты тақырыбында оқу жылының аяқталуына арналған салтанатты тәлімсәт өтті. Салтанатты соңғы қоңырау мерекесінің құрметті қонағы - гимназияның 2000

жылғы үздік бітірген түлегі, Ходжаназаров Айдарбек Асанұлы, қалалық білім бөлімінің әдіскерлер кабинетінің меңгерушісі Бектурганова А.С., А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ тарих ғылымдарының кандидаты Наурызбаева Э.К. қатысты. Алдағы оқу жылында мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын одан әрі жандандыру негізінде белсенді, жауапкершілігі жоғары, жан-жақты оқушыларды фракцияларға тарту көзделуде.

Гимназияның құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысына жауапты мұғалімдердің жұмыстары 2022-2023, 2023-2024 оқу жылына арналған гимназияның жұмыс жоспарына сай жүргізілді.

Жыл басынан Құқық бұзушылықтың алдын-алу және гимназияішілік ережеге сай тәртіпті қадағалау мақсатында әкімшілік және сыныптардың кезекшілігі ұйымдастырылған. Жыл бойы мектепте «Қылмыстың алдын алу кеңесі», «Татуластыру (медиация) қызметі», «Әлеуметтік-психологиялық қызмет», «Жалпыға бірдей құқық сабақтары» жұмыстары жоспар бойынша жүзеге асырылды. «Жалпыға бірдей құқық сабақтары» сынып жетекшілер сынып сағаттардың басында оқушыларды жоспар негізінде жүзеге асырады. Әр тоқсан соңында оқушыларда өткен тақырыптары бойынша құқықтық білімдерін тексеру мақсатында тест жұмыстары ұйымдастырылды. Тест қорытындысы бойынша үш жыл бойы оқушылардың құқықтық сауаттылығы жоғары екені көрсетті. Көп қателескен оқушылардың жауаптары сараланып қайта түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп тұрады. Алдын алу және ескерту бойынша жұмысты жетілдіру мақсатында қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтың, кәмелетке толмағандардың органдарының жұмысын жандандыру мектепте өзін-өзі басқару, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі құрылды. Алдын алу кеңесі құрылымдық болып табылады және алдын алу Кеңесі туралы ереже негізінде әрекет етеді. Кәмелетке толмаған оқушылардың құқық бұзушылығының алдын алу бойынша гимназиядағы жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілді. Жоспарға сыныптар бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстардың, гимназияішілік тәртіп, Жол картасы бойынша суицидтің алдын алу бойынша жұмыстарының қорытындылары кіргізілді. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскілік полиция инспекторымен тығыз қарым-қатынас орнатып, әр параллельде тоқсанына 1 рет профилактикалық іс-шаралар жүзеге асырылды. Іс шаралар барысында 5-11 сынып оқушылары толық қамтылды.

Әлеуметтік қауіпті жағдайдағы оқушылар, сәтсіз отбасылар, балаларды тәрбиелеуден бас тартқан ата-аналар, қиын жасөспірімдерді анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Гимназияішілік тіркеуде тұрған оқушылар

Оқу-жылы	Тіркеуде тұрған оқушылар саны
2022-2023	0
2023-2024	0
2024-2025	0

Қалалық ІІ тіркеуде тұрған оқушылар

Оқу-жылы	Тіркеуде тұрған оқушылар саны
2022-2023	0

2023-2024	0
2024-2025	0

Сәтсіз отбасы ретінде қалалық ІІ тіркеуде тұрған

Оқу-жылы	Тіркеуде тұрған оқушылар саны
2022-2023	0
2023-2024	0
2024-2025	0

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты талдау көрсеткендей: гимназияда кәмелетке толмағандар арасында құқыққа қайшы әрекеттердің алдын-алу және білім алушылардың құқықтық мәдениетін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жолға қойылған. Дәстүрлі: жалпыға бірдей құқықтық білім беру күндері; мектеп инспекторының ауызша журналдары мен әңгімелері, ПЖК қатысатын іс-шаралар, құқықтық онкүндіктер, құқық қорғау органдары мен прокуратура өкілдерімен кездесулер, ата-аналарға құқықтық білім беру және т.б. іс-шаралар.

Соңғы он жыл ішінде гимназия оқушылары жасаған қылмыстар болған жоқ. Гимназияның құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысының оң үрдістеріне қарамастан келесі мәселелерге назар аудару қажет:

1. Білім алушылардың, ата-аналардың құқықтық мәдениетін арттыру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жалғастыру.
2. Құқықтық онкүндіктерді, жалпыға бірдей құқықтық оқыту және құқықтық білім күндерін өткізу, құқық қорғау органдары мен прокуратура өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру.
3. Балалар мен жасөспірімдерді гимназиядағы және гимназиядан тыс іс-шараларға, секцияларға, үйірмелерге тарту.
4. Құқық бұзушылық жасауға бейім білім алушыларды анықтау бойынша әлеуметтік педагог, психолог, полиция инспекторымен бірлесіп сынып жетекшілерінің жұмысын күшейту.
5. Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша білімді насихаттау мақсатында

Жас полиция көмекшісі отрядының қызметін жандандыру. Бағыт: Рухани-танымдық тәрбие. Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жаңғырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; рухани-адамгершілік тәрбие беру.

1 қазан Қарттар күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Оқушылар ұстаз еңбек ардагерлерін құттықтап, ашық хаттарды таратты. «Өз жүрегіңмен жылыту» атты қайырымдылық акциясын Жас Ұлан оқушылар ұйымы өткізді. «Ұстаз деген жарқын күні ғаламның» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары ұстаздарға арнап мерекелік концерт ұйымдастырып, Жас Ұлан оқушылар ұйымы құттықтау хаттарын сыйлады. Мұғалімдер үшін спорт залында спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Гимназиямызда ұстаздар күніне орай Мектеп парламенті мен Жас ұлан ұйымы ұйымдастырған мекемелік іс-шара өткізілді. Рухани жаңғыру бағдарламасы «Ұлттың Ұлы ұстазы – Ахмет» тақырыбында 5-11 сынып аралығында сынып сағаттары

өткізілді. «Мен және менің елім» АРТ – көрмесі 5-7 сынып оқушылары арасында өткізілді. 7 А сыныбында танымдық сыр-сұхбаты өтті. Балалар желтоқсан оқиғасының 2 expertімен пресс конференция форматында тәрбие сағатында көп мәлімет ала алды. 9 «А» сыныбында "Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз" тақырыбында сынып сағаты өтті. 14 желтоқсан күні гимназиямызда 5 сынып оқушыларын Жас Ұлан ұйымына қабылдау рәсімі өтті. Ұйымға оқу озаттары, тәрбие саласының үздіктері, ғылыми жұмыс, олимпиада жеңімпаздары болып табылатын 40 оқушы қабылданды. Оқушыларға гимназия әкімшілігі мен ұстаздарымыз, сонымен қатар Жас Ұлан ұйымының мүшелері галстук байлап, төсбелгі тақты. Тәуелсіздік күніне орай 10 «А» сыныбында іс-шара ұйымдастырылды. Гимназиямыздың 9-сынып оқушылары қалалық “Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз” бейнеролик байқауына қатысты.

1 наурыз Алғыс айту күніне орай «Алғыс – бұл ...» тақырыптарында бейнероликтер, көрмелер, сынып сағаттары ұйымдастырылды.

2 наурыз күні гимназиямызда қазақ қыздарының ұмыт болуға айналған ұлттық төл мәдениетіміз бен өнерімізді қайта тірілтіп, салт-дәстүрді жаңғырту, әсіресе қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру арқылы әділеттікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу мақсатында “Бұрымды қыз-2023” байқауы өткізілді. «Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі» тақырыбында 5-11 сынып аралығында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. «Үндестік» жобасы аясында «Анама арнаймын» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай «Бұрымды қыз 2023», «Мектеп аруы - 2023» сайыстары 5-11 сынып қыз балалары арасында өткізілді. “Армысың, өз Наурыз” атты іс-шара жоғары деңгейде өтті. 2 сәуір, халықаралық балалар кітабы күніне орай, гимназияның талантты журналистері Батырқызы Ұлпан мен Беккужина Назира оқушылардан сұхбат алды.

Қостанай облысының білім беру ұйымдарында педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылын жақсартуға бағытталған. «Үндестік» облыстық жобасы аясында, "Үндестік life" конкурсының таныстыру визиткасы.

1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 Ә сыныбының сынып жетекшісі: Токаева Н.М. Оқушылар бірлік күніне арналған сынып сағатында өз біліміндерін жетілдіріп, топтық жұмысқа белсене қатысты. Топтық жұмыс барысында оқушылар тау халқы, кіші Азия және күн шығыс елінің халықтары жайлы қызықты мәліметтермен жұмыс істей отыра, Қазақстанда мекен тепкен ұлт өкілдерінің тілінде өлең оқып, ұлттық әуендерді анықтау ойындары ойнатылды. Оқушылар белсенді түрде сабаққа қатысып, ізденімпаздықтары мен өзге ұлт өкіл дәстүріне деген қызығушылықтарын көрсетті. Ұлы Жеңісті жақындатуға абзал арыстандарымыздың майдан даласында, отандастарымыздың тылда қосқан еңбегі өлшеусіз. Батырларымыздың, ардагерлеріміздің ардақты ісін бүгінгі күні кейінгі ұрпақ лайықты табыстармен жалғастырып келеді.

Халықаралық отбасы күніне арналған "МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ" акциялық іс-шараға байланысты "Отбасында балаларға патриоттық тәрбие берудің

маңызы " атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар және жасөспірімдер ұйымының 5-сынып оқушылары балалар ұйымдары күніне арналған Бірыңғай іс-қимыл акциясында "Алға Қазақстан" атты флэш-моб би қойылымын биледі. Қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселелеріне деген саналы көзқарасын аудару мақсатында, гимназиямызда адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының бастамасымен «Менің мектебім буллингке қарсы!» атты жалпы республикалық флешмоб өтті. 5-11 сынып оқушылары арасында Отан қорғаушылар күніне арналған «Ерлер - жердің қорғаны, елдің тұтқасы» дөңгелек үстел өткізілді.

9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай «Ер мен жердің жеңісі» тақырыбындағы ашық сынып сағаттары өткізілді.

1 маусым күні «Сыңғырла, соңғы қоңырау-2023» тақырыбында соңғы қоңырауға арналған салтанатты жиын жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» тақырыбында гимназия алаңында жасөспірімдерге арналған жазғы сауықтыру алаңшаларының ашылу салтанаты өткізілді. Эстафеталық ойындар мен суреттер салудан сайыстар өткізілді.

1 маусым балалар қорғау күніне байланысты, жазғы лагердің алғашқы күнінде, оқушыларға арналған спорттық эстафеталар өткізілді. Қатысушы 5-6 сыныптар. 9 маусым Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне байланысты мектептегі жазғы лагерь алаңында 6 "А" сынып оқушылары «Жастар нашақорлыққа қарсы!» атты флешмобқа қатысты.

Бағыт: Ұлттық тәрбие.

Максаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 8-10 сынып оқушыларының арасында «Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы» тақырыбында үздік эссе конкурсы өткізілді.

«Діни экстремизм–бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыптарында оқушылар арасында ақпараттық түсіндіру дәрістері жүргізілді. Руханият" ӘБ апталығы аясында "Абай сөзі - қазақтың бой тұмары" деген ұранмен мектепішілік Абай оқулары ұйымдастырылды. Өлеңдерін оқу, қара сөзін жатқа айту, өлең арнау, әнін айту бағыттары қарастырылып, жоғары деңгейде өтті. "Оқуға құштар мектеп" жобасы Гимназия «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылуда. Акцияның мақсаты- кітапхананың қорын толықтыру, оқушыларды кітап оқуға тарту, әр түрлі жанрдағы әдебиеттерді танымал ету, кітапқұмарлар қоғамын толықтыру. «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасын іске асыру арналған шара. Оқушыларды шараға қатысуға, ат салысып жарысқа шақырамыз. Гимназиямызда 5-сыныптар арасында Жас ұлан ұйымының ұйымдастыруымен эстафеталық ойындар өткізілді. Ойын 6 кезеңнен тұрды. Оқушылар спорттық ойындарда ғана емес білімдерінде көрсетті. Мақал-мәтелдің жалғасын тауып, жұмбақтар шешті. Қазақ тілі жайлы өз ойларыннан эссе жазып жарысты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» тақырыбында оқушылар

арасында челлендж ұйымдастырылды. Бағыт: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю, кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік. Гимназияда 7-8 сынып оқушылары арасында «ЭКОstart» жобасы, «Сақ болсаң, сау боласың!» марафондары өткізілді. 8-10 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіз Қазақстанның жаһандық бастамалары.Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі » тақырыбында дебат өткізілді. С.Мәуленов атындағы гимназиямызда Мектеп Парламенті ұйымының белсенді мүшелері Дускеева Камилла мен Борамбаева Гульдана “Адал жол” жобасында Қостанай қаласындағы 25 орта мектептің жолдаған “Сыбайлас жемқорлықпен күресте қарапайым азамат қалай көмектесе алады?” деген сауалына жауап берді. 25 қазан Республика күніне орай 5 «А» сынып жетекшісі О. Сансызбаевтың жетекшілігімен оқушылар ой бөлісті. 6-7-сынып оқушылары арасында «Төзімділік-бейбітшілікке апарар жол» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Гимназияда 5-6 сынып оқушылары «Адал еңбек бейнесі» сурет конкурсы. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған 8-9 сынып оқушылары арасында «Үнемділік инноваторы» жарнамалық жұмыстар конкурсы ұйымдастырылды. Гимназиямызда Мектеп Парламенті білім алушылары өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасылар үшін көмек көрсету бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар аға тәлімгер Турмагамбетова А.К. ұйымдастыруымен «Қамқор бол әрқашан» атты іс-шара аясында оқушылар кітапханашы Д.Тлеубердиеваға көмек көрсетті. Кітаптарды тасысып, мөрін басып, кітаптарды жинастырды. Оқушыларды отбасында бір-біріне қамқорлық жасап, көмек көрсетіп жанаршыр болуына баулу мақсатында өткізілді. Іс-шара мақсаты отбасылармен оқушылар арасында қарым-қатынастарын жақсартып, қана қоймай көмекке зәру жандарға қол ұшын созып көмек көрсету. С.Мәуленов атындағы гимназияда 2 қарашада оқушылардың күзгі демалысында тәрбие жұмысының мүшелері, сынып жетекшілер арасында "Краетивті сынып жетекші – заман талабы» атты coffee morning бас қосу отырысы ұйымдастырылды. 5-11 сынып сынып оқушылары арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мектепте, үзілісте «Мұхтар Әуезовтің өмірінен 10 дерек» тақырыбында бірыңғай оқу сағаты ұйымдастырылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Әсем даусымен күллі әлемді тамсандырған – Роза Бағланова (Роза Бағланованың 100 жылдығы) Ақпараттық-Тіме өткізілді. 11-сынып оқушылары арасында «Қазақстанның дамуы жастар қолында» дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Еңбек, экономика және экологиялық бағыты бойынша «Ізденіс,еңбек,талпыныс-жетістік» кілті тақырыбында 8-10 сынып оқушылары арасында сұхбат жүргізілді. «Қостанай қаласы білім бөлімінің балалар шығармашылығы мектебі" КММ "Пионерлер сайысы тарихының мозаикасы" тиіндерге арналған үйлер жасау бойынша байқауына қатысуға гимназиямыздың 9-сынып оқушысы Ғазиз Дамира отбасылық альбомдарда жасырылған тарихи мұраны анықтау номинациясы бойынша қатысып жатыр. Дамираның атасы, қазақ елінің Тәуелсіздік

заманындағы алғашқы қажыларының бірі және мешіт салып, оған тұңғыш имам болған үлкен дін қайраткері, артында өшпес із қалдырған ұлағатты ұстаз, аты аңызға айналған ағартушы Ғазиз қажы Әмірханұлының немерелері осы С.Мәуленов атындағы гимназияның білім алушылары болып табылады. 5 «Ә» сынып оқушыларымен “Гүлді баптаудың маңызы” атты тақырыпта өткен өнеге сағаты. Сынып жетекшісі Арықбаева Жамила Арықбайқызы. Бөлменің сәнін келтіретін гүлдер ерекше күтім мен қамқорлықты қажет етеді. Сондықтан оларды аптасына 1-2 рет жылы сумен жуып, суарып, артық жапырақтан арылтып отырған жөн. 5-сынып оқушылары өздері өсірген 209 бөлме гүлдеріне ерекше күтім жасағанды ұнатады. Олар үйлерінде де көптеген гүлдер өсіруде. Гүлдердің саны мен сапасын арттыру мақсатқа айналып отыр.

Гимназия инспекторы 5- сынып оқушылар арасында террорист, қылмыскер сізді кепілге алса және шабуыл жасаса не істеу керек екені жөнінде сақтық шаралары жайлы дәріс өткізілді. Бағыт: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа, эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы "мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру. Осы бағытта жұмыс жасау үшін гимназияда барлық жағдай жасалған. Мектепте ұйымдастырылған барлық іс-шаралар желісі үйірмеге қатысушылардың көмегімен өткізіледі.

Гимназияда «31 үздік қолөнер бұйымы» (Тәуелсіздікке-31 жыл)тақырыбында 5-8 сынып оқушылары арасында өткізілді. 1-мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні «Бір шаңырақ астында» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында жәрменке ұйымдастырылды. Әр түрлі ұлт өкілдеріне бөлініп, ұлттық тағамдарды дайындап іс-шара жоғары деңгейде өтті.

Сынып жетекшілер тақырыптық тәрбие сағаттарын интеллектуалды ойындар элементтерін пайдалана өткізді. Өзін-өзі басқару ұйым оқушылары тоқсан сайын 5-7 сынып оқушыларына квест ойындарын ұйымдастырып отырды. Гимназияда зияткерлік бағытында «Өркениет» дебаты, «Сырбай ұрпақтары» КВН, «Білімділер додасы», «Алтын қақпа» және т.б интеллектуалды ойындары белсенді түрде ұйымдастырылды. Бағыт: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты; мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Мектептегі салауатты өмір салты бағыты бойынша жұмыс спорттық үйірмелер мен салауатты өмір салтына бағытталған тәрбие сағаттарында көрініс алады.

Гимназияда оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында қалада орналасқан мекемелермен тығыз қарым-қатынас

орнатылған. Олар ІІБ, төтенше жағдай басқармасы мен кітапханалар, театрлар және адам тұлғасын қалыптастыратын мекемелер.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы аясында 8-11 сынып оқушылары арасында волейбл ойынынан жарыстар өтті. «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?» тақырыбында гимназия мед.қызметкері Бекишева А.А. қатысуымен дәрістер өткізілді. «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» ЖИТС қарсы күн және 8-11 сынып оқушылары арасында «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» атты спорттық сайыстар өткізілді.

Бағыт: Отбасылық тәрбие.

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары – сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесіндегі олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру мақсатында психологиялық-педагогикалық, рухани-адамгершілік, салауатты өмір салты, балалардың қауіпсіздігін сақтау, имандылық, діндік экстремизмнің алдын алу, діни, құқық сауаттылығын көтеру бағыттары бойынша арнайы жасалған нұсқаулықтар мен қатар дәрістер берілді.

Ата-аналармен қарым-қатынас орнату формаларының тағы бірі – гимназияішілік іс-шаралар. Екі жыл қатарынан бұл бағыттағы жұмыстар облыстық «Үндестік» жобасы негізінде жүзеге асырылып келеді. «Үндестік» жобасы аясында мектепішілік сыныптық жобалар, спорттық іс шаралар, ата-аналар жиналыстары, педконсилиум, дөңгелек үстелдер, кездесулер, мектеп әкімшілігінің қабылдау күндері және т.б. жұмыстар жоспарға сай өтуде. Биылғы жылы «Ата-ана сағаты», «Бір күн мектепте» және «Бір күн ата аналар жұмысында» атты жобалар ұйымдастырылды. «Бір отбасы – бір кітап» Сурет, бейне түсірілім байқауы. «Үндестік» жобасы аясында «Әкем айтқан нақыл сөз», «Айтарым бар...» дөңгелек үстел өткізілді. Отбасылық тәрбие бағыты бойынша 7-11 сынып оқушылары арасында «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында әңгіме жүргізілді. «Тоғыз айға 9 іс-шара» республикалық жоба аясында оқушылар наурыз айынан бастап республикалық челленджерге белсене қатысты. Сәуір айында білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында «Шахмат ойнау» челленджін ұйымдастырылып өткізілді. Мамыр айында білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу мақсатында «Жасыл мекен» челленджі аясында оқушылар мектеп ауласында ағаштардың көшеттерін отырғызды. Маусым айында «Балалық шақ әлемі қандай ғажап!» атты челленджі аясында мектеп оқушылары мен ата-аналар арасында спорттық ойындар мен шығармашылық іс-шаралар

ұйымдастырылды. Келер жылы осы жоба аясындағы челлендж жалғасын табады.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

I. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар арқылы қамтамасыз етілді.

- 1) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы ;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы ;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ;
- 9) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы
- 10) «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 12.06.2020 жылғы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 12) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы No 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;
- 13) «Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы, Білім министрінің бұйрығымен жаңа редакцияда) Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 534);
- 14) «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен 2016 ж. Қазақстан Республикасының 2022.05.31 № 251);
- 15) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің терроризмге осал объектілерді және терроризмге осал объектілерді, білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы № 112 бұйрығына

өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117);

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ» бағыты бойынша жасалған тәрбие жұмыстары:

Қыркүйек айында 1 қыркүйек – «Мектеп – Мейірім мекені» тақырыбында 5-11 сынып оқушылар арасында Білім күні іс-шарасы өткізілді. «Туралықты тұғыр еткен Төле би» тақырыбында Төле бидің 360 жылдығына арналған 9-11 сыныптар аралығында дөңгелек үстел өткізілді. «Жол ережесін білесің бе?» тақырыбында 5-11 сыныптар аралығында 5-6 сынып оқушыларына К. Тулебаева викториналық ойындар жүргізді.

Қазан айында «Күй атасы - Құрманғазы» Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығын атап өту мақсатында «Білгенге маржан» рубрикасы аясында мәліметтер берілді. «Тұрмыстық зорлық – зомбылықсыз Қазақстан» тақырыбында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 5-11 сынып оқушылары арасында дәріс өткізілді. Гимназияда «25 қазан – Республика күні» өлеңдер челленджі (видео) ұйымдастырылып, әлеуметтік желіге жарияланды.

Қараша айында «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде 5-11 сынып оқушылары арасында гимназия инспекторы А.Бейсенованың қатысуымен дәріс өткізілді. «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» тақырыбында 9-11 сыныптар аралығында дәріс өткізілді.

«Үндестік» жобасы, «Шаңырақ» жобасы аясында «Кофе-монинг» құқық бұзушылыққа бейім оқушылардың ата-аналарымен кездесу өткізілді.

Желтоқсан айында «Тәуелсіздік – Тұғырым» 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 5-11 сыныптар оқушылары арасында «Қазақ жырының тұлпары» Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдығына орай «Білгенге маржан» рубрикасы негізінде мәліметтер берілді. «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы» аясында «Түнгі уақытта жүрмеу – қауіпсіздіктің белгісі» 5-11 сыныптар арасында сауалнама жүргізілді.

Қаңтар айында Гимназияда 8-11 сыныптар арасында құқықтық мәдениет және маңызы» сынып сағаттары өткізілді. «Жемқорлықтың – тарихи тамыры» тақырыбында 8-10 сыныптар пікірталас өткізілді. 8-11 сыныптар аралығында «Қоғам игілігіне қызмет ету» дөңгелек үстел өткізілді.

Ақпан айында Гимназияда «Білгенге маржан» рубрикасы аясында «Жүсіпбек Аймауытов шығармаларының тәрбиелік мәні» Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына арналған мәліметтерді радиохабарлама арқылы жариялады. Діни экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу мақсатында «Дін және шындық» дәрістері 9-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді.

Наурыз айында «Қазақ киноасының атасы – Шәке Айманов» Ш.Аймановтың 110 жылдығына орай сынып сағаттары өткізілді. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» сынып сағаттары мен Құқықтық Лекторий мектеп инспекторымен бірлескен жұмыс өткізілді.

Сәуір айында «Балалардың сүйікті ақыны – Мұзафар Әлімбаев» М.Әлімбаевтың 100 жылдығы аталып өтті.«Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» 12 сәуір ғарышкерлер күніне орай макеттер сайысы 5-9 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Гимназияда 5-6 сыныптар оқушылары арасында«Шеберлер қаласы: ата-бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз» көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар үздік жұмыстарын көрсетті. Мамыр айында «Оқитын мектеп» жобасы негізінде «Оқырмандар отбасы» тақырыбы 8-11 сыныптарарасында сайыс өткізілді.«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн», «Жазғы демалыс уақытындағы өмір қауіпсіздігі» тақырыбында 5-11сынып оқушылары арасында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

«АР- ҰЯТ» бағыты бойынша жасалған тәрбие жұмыстары:

Қыркүйек айында гимназияда «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Назар аударыңыз, балалар!» акциясы жол-көлік оқиғаларының алдын алу шаралары 5-8 сынып оқушылары арасында өткізілді. Еңбегі адал жас өрен» жобасы, «9 ай – 9 іс-шара» жобалары 5-11 сыныптар аарсында Отбасы күнін мерекелеуге арналған «Отбасы- бақыт мекені » іс-шаралары өткізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы «Қауіпсіз мектеп ортасы» акциясы негізінде кибербуллингтен қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. «Адал ұрпақ » клубының қызметі 5-11 сыныптар арасында жүргізіледі.Еңбек ардагерлері мен жергілікті әкімдік қызметкерлерінің қатысуымен «Еңбекшіге арналады...» форумы өткізілді.

Қазан айында гимназияда 5-11 сыныптар арасында «Қарттарым-қазынам» еңбек ардагерлерімен кездесу өткізіледі.«Ұстаз деген жарық күні ғаламның» мерекелік іс-шарасы ұйыдастырылып, мұғалімдерге көңіл-күй сыйладыс«Мейірімділік құндылығы» буллинг, кибербуллингтің алдын алу, тренингтер («Шаңырақ» жобасы) «Әкем айтқан нақыл сөз...» әкелер кеңесімен кездесу («Үндестік» жобасы) аясында өткізілді.

Қараша айында «Ата-ана комитетінің шығармашылық тобының өзара әрекеттесу» («Үндестік» жобасы, «Шаңырақ» жобасы) жүргізілді. «Шаңырақ» жобасы аясында «Балалардың бейімделуіне байланысты сауалнама» гимназия педагог-психологы Г.Ниязбекова алды. «Адал еңбек бейнесі» суреттер конкурсы «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы өз жұмысын жүйелі жүргізіп жатыр.

Желтоқсан айында «Үндестік» жобасы, «Шаңырақ» жобасы аясында «Қызым саған айтам...» аутодеструктивті мінез-құлықтың және жыныстыққолсұғылмаушылықтың алдын алу (9-11 сыныптар) дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Қаңтар айында 9-11 сыныптар аралығында «Мен өмірді сүйемін» тренингтер, аутодеструктивті мінез- құлықтың алдын алу тренингі өткізілді.«Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары»тақырыбында сынып сағаттары, 5-8 сынып оқушылары арасында «Тату үйдің тамағы тәтті» видео челлендж ұйымдастырылды.

Ақпан айында «Білгенге маржан» рубрикасы «Мирас болған мол мұра» Әбілхан Қастеевтің 170 жылдығына орай радиохабарламадан айталды. «Оқитын мектеп» жобасы аясында 5-6 сынып оқушылары арасында «Мен

оқыған кітап» челленджі өткізілді.«Адам бойында бәрі де әдемі,сұлу болуға тиіс» тренингі 8-11 сынып қыз балалары арасында дәріс өткізілді.

Наурыз айында гимназияда 5-11 сыныптар 1 наурыз – Алғыс айту күні «Алғыс бұл -...» құттықтау видеолары әлеуметтік желіге жарияланды.

5-11 сыныптар арасында «Анама арнаймын» 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.«Төрлет, Наурыз!» салт-дәстүрімізді бағалаймыз тақырыбында гимназияда «Абай», «Ахмет» , «Сырбай» ауылдарын бөлініп наурыз мерекесі кең көлемде аталып өтілді.

Сәуір айында «Үндестік» жобасы аясында «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» видео челлендж ұйымдастырылды.

Мамыр айында гимназияда 5-11 сыныптар «Бір шаңырақ астында» жәрмеңке, 1 мамыр – Қазақстан халықтары бірлігі күні орай кең көлемде ұйымдастырылды. «Жазғы сауықтыру алаңында қандай үйірмелер болғанын қалайсыз?» ата-аналарға арналған сауалнама жүргізілді.«Үндестік» жобасы, «Шаңырақ» жобасы» аясында «Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде мини футболдан спорттық сайыс ұйымдастырылды. Облыстық Ы.Алтынсарин атындағы музеймен бірлесіп «Әке- отбасы тірегі тақырыбында» танымдық сағат өткізілді. Бүгінгі салтанатты жиынға гимназиямызды 2002 жылды үздік бітірген түлегі, 25- мамыр 11- сынып оқушыларына арналып «Сыңғырла, соңғы қоңырау-2024» соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиынға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Республика» партиясының төрағасы Ходжаназаров Айдарбек Асанұлы мен ұстаздар, ата-аналар, оқушылар қатысты.

«ТАЛАП» бағыты бойынша жасалған тәрбие жұмыстары:

Қыркүйек айында гимназияда Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Ұлы даланың халықаралық тілі» іс-шаралары өткізілді. 5-11 сынып оқушылары арасында «Денсаулық күні» спорттық іс-шарасы ұйымдастырылды.

Қазан айында «Оқитын мектеп» жобасы аясында «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында 8-11 оқушылары мен ата-аналары арасында челлендж ұйымдастырылды.

Қараша айында «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы асында «Салауатты өмір салты. Темекі шегу-денсаулыққа зиян!» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында дәріс өткізілді. 8-11сынып оқушылары арасында «Этикалық құндылықтарды дамыту» тақырыбында әңгіме, дөңгелек үстел жүргізілді.

Желтоқсан айында гимназияда 8-11 сынып оқушылары арасында «Нашақорлық – қауіпті індет, алдын алу» АҚТҚ/ЖҚТБ - жұқпасының алдын алу тақырыбында челленджер, «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» спорттық сайыстар өткізілді.

5-11сыныптар оқушылары арасында «Жаңа жылдық шырша» мерекелік іс-шара, қысқы демалыстағы қауіпсіздік ережесі өткізілді.

Қаңтар айында 9-11 сыныптар арасында «Діни экстремизм, терроризм, жат діни ұйымдар» дөңгелек үстел жүргізілді. «Салауатты өмір салты. Суық тию, жұқпалы аурулардың алдын алу» 8-11 сынып оқушылары арасында дәріс

өткізілді Оқитын мектеп» жобасы аясында Bookdating «Бірге кітап оқиық!» челленджі өткізілді.

«Қызықты қыс» шаңғы ойындары 8-10 сыныптар арасында ұйымдастырылып, оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Ақпан айында «Оқитын мектеп» жобасы) «Мен оқыған қызықты әңгіме» буктрейлер 5-11 сыныптар арасында өткізілді.

Наурыз айында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 8-11 сыныптар аралығында «Мамандықтар әлемін ашамыз» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Менің таза аулам...» акциясына оқушылар қатысып, гимназия алаңын тазалады

Сәуір айында

«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті» («Ұшқыр ой» дебат)

Салауатты өмір салты. АҚТҚ/ЖҚТБ – жұқпасынан қорғану жауапкершілігі.

ЖҚТБ-ның адамға тигізетін әсері. (8-11 сыныптар), («Ұлттық лига» жобасы)

«Табиғат тамшылары» суреттер байқауы 5-6 сыныптар» арасында ұйымдастырылды.

Мамыр айында «Ер мен жердің жеңісі» 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған сынып 8-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

5-11 сыныптар арасында «Күнделікті өмірдегі адалдық» интернет алаяқтықтан сақтану мақсатында дәріс өткізілді.

«Жайдарлы жаз 2024 » жазғы сауықтыру алаңшаларына дайындық жүргізіліп, оқушыларды 100 пайыз қамту жұмыстары жүргізілді.

Гимназиядағы психологиялық қызметтің басты мақсаты -

Мақсаты: Психологиялық қызмет-білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіптік білім беру траекториясын саналы түрде таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. оқу процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, олардың пайда болуының негізгі проблемалары мен себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын анықтау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;

2. баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның оқу үдерісіндегі психологиялық даму динамикасын мониторингілеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;

3. білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру нәтижелеріне мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу;

4. әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық мәселелерін еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерде бейімделу, оқыту және тәрбиелеудегі қиындықтарға бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

5. білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді игеру арқылы өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын дамытуға және қалыптастыруға жәрдемдесу;

6. білім беру процесіне қатысушыларға өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне деген сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, білім беру процесіне қатысушылардың жеке басының құқықтарына нұқсан келтірместен белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеуде және қалыптастыруда жәрдемдесу;

7. білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу саласындағы ғылыми және тәжірибеге бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу;

8. білім алушылар мен тәрбиеленушілерді олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9. білім беру ұйымының алқалы органдарымен және мүдделі білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

Жоспарды құру барысында мына тізімдегі нормативтік құжаттар ескерілді:

- ҚР Конституциясы
- ҚР бала құқығы туралы заңы
- ҚР «Білім туралы» заңы
- ҚР білімінің даму концепциясы
- ҚР «Неке және отбасы» заңы
- Психологтың этикалық кодексі
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жыл 16 қыркүйек 130 бұйрық, 472 бабы

• Педагог-психолог өз жұмыстарына ҚР Президентінің Жарлықтарын, білім беру саласын басқаратын барлық деңгейдегі органдардың шешімдерін басшылыққа алады.

• Біздің негізгі мақсатымыз: Қазақстанда өзіміздің Ұлттық психологиялық қызметтің жүйелі, нәтижелі болуына үлесімізді қосу.

Білім беру мекемесіндегі психологиялық жұмыс жүйелі түрде жүзеге асырылып, келесі бағыттар бойынша кәсіби талдау жұмыстары жүргізілді:

- I. Диагностикалау
 - II. Түзету- дамыту жұмыстары
 - III. Профилактика және психологиялық ағарту
 - IV. Кеңес (консультация) беру
 - V. Ұйымдастыру әдістемелік жұмыс
 - VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдама есептер
- Диагностикалау бағыты бойынша келесі жұмыс түрлері жүргізілді :

5- сынып оқушыларына орта мектепте оқуға бейімделуіне психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мақсатында , оқу мотивациясының тұрақтылығын қалыптастыра отырып ,балаларда жағымды «Мен» концепциясын, өз-өзін сенімді ұстау дағдысын қалыптастыру және үрей, қорқыныш сезімдерін төмендетіп, өздігінен қабылдау, өздігінен ашылу және басқаларды қабылдау негізінде - басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырып келесі жұмыс түрлері жүргізді.

Мектепке жаңадан келген оқушылар мен сол топ ішіндегі ахуалды анықтауға арналған диагностика түрлері:

ДЖ.Моронео «Социометрия» әдістемесі. Сынып ішіндегі лидерлер мен шектеліп қалған оқушыларды анықтауға көмек береді. Сонымен қатар оқушылардың сынып ішіндегі достықтарын байқауға болады.

Замашикова «Кездесу» әдістемесі. Бұл әдістеме графаларға бөлінеді. Оқушылардың сынып жетекшімен және пәндермен қарым-қатынастарын байқауға болады.

«Равенның прогрессивті матрицалар шкаласы» тесті. Оқушы бойындағы IQ деңгейін анықтайды.

Н.Холлдың «Эмоционалды интеллект» (EQ) тесті.Оқушылардың бойындағы эмоционалды жай -күйдің және жанашырлықтың деңгейін анықтауға көмектеседі.

Оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлыққа бейімділігін анықтауға арналған диагностикалар:

«Т.И.Балашова Зунг шкаласы» мазасыздық пен депрессия деңгейін анықтау;

Темпераментті анықтау сауалнамасы;

«Кондаша» әдістемесі, үрей мен қорқынышты және мазасыздықты анықтау;

«Басса-Дарки» әдістемесі. Оқушылардың агрессия күйін анықтау;

«Менің сыныбым» проективті әдіс;

Э.Беканың «депрессия деңгейі»;

«Жаңбыр астындағы адам» проективті әдіс;

«Суицидке бару қауіпін айқындау» графикалық тесті;

«Ұстанымдылардың қатарынансыз ба?» стресс тесті;

«Н.Г.Лусканова» әдістемесі. Оқу мотивациясын анықтау сауалнамасы;

«Өз мәселеңізді дұрыс шеше аласыз ба?» агрессия тесті.

Өткізілген диагностика жұмыстарының нәтижелерінде, аса назарға алатындай нәтижелері болмады, Оқушылар бойында мазасыздық пен сенімсіздік және қобалжу шкалалары болды. Нәтиже бойынша, жоспарға сәйкес ағарту дамыту жұмыстары жүргізілді.

Өткізілген ағарту-дамыту жұмыстары:

1. «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» психологиялық сабақ;
2. Топтық бақылау жұмыстарын жасау, талдау;
3. «Менің сыныбым» психологиялық сабақ;
4. «Менің ішкі әлемім» психологиялық тренинг;
5. «Мінез және темперамент» психологиялық сабақ;
6. «Үрей мен қорқынышты қалай жеңуге болады?!» психологиялық тренинг, кеңестер;

7. «Ашу,ызадан айырылу жолдары» психологиялық тренинг,ұсыныстар;
8. «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ 2!» психологиялық сабақ;
9. «Егер мен ұстаз болсам?!» психологиялық тренинг;
- 10.«Менің сыныбым және достарым» психологиялық тренинг;
- 11.«Күйзелістің алдын алу» Сергіту тренинг жаттығулары;
- 12.«Менің көңіл күйім» психологиялық тренинг ;
- 13.«Ғажайып әлем» психологиялық тренинг;
- 14.«Стрестен арылу жолдары және жаттығу түрлері» психологиялық тренинг;
- 15.«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ 3!» психологиялық сабақ;
- 16.«Менің сүйікті мектебім» психологиялық тренинг;
- 17.«Ашу-ызадан арылу жолдары» психологиялық тренинг,
- 18.«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ 4!» психологиялық сабақ.

Педагогтармен профилактикалық жүргізілген жұмыстар:

- «Оқушы бойынан зорлық-зомбылық белгілерін қалай байқауға болады?!» түсіндірме жұмыс;
- «Орта буынға келген оқушылардың бейімделу кезіндегі қиындықтар» ұсыныстар әзірлеу;
- «Сынып жетекшілерді орта буынға келген оқушылардың бейімделу кезіндегі қиындықтар» ұсыныстар әзірлеу;
- «Күйзеліс кезінде,оқушылар алдында,өзін-өзі дұрыс ұстау» психологиялық кеңес,ұсынымдар;
- «Әр оқушының мінез-құлқына дұрыс подход жасау» психологиялық кеңес,ұсынымдар;
- «Оқушы бойынан үреймен қорқынышты байқаған ұстаздың әрекеті?!» психологиялық кеңес,ұсынымдар;
- «Сабақ үстіндегі оқушы бойындағы ашу,ыза» психологиылық кеңес;
- «Оқушы бойынан зорлық-зомбылық белгілерін қалай байқауға болады 2?!» түсіндірме жұмыс;
- «Оқушының пәнге қызығушылығы» психологиялық кеңес,пікір талас;
- «Менің сыныбым» психологиялық шағын тренинг,кеңес. Сынып жетекшілерге;
- «Күйзеліс кезінде,не істеу керек?!» психологиялық кеңес,ұсыныстар,
- «Кез келген жағдайда өзін-өзі ұстау» психологиялық кеңес;
- «Аутодеструктивті оқушымен қарым-қатынас» психологиялық сабақ,кеңес,ұсыныс;
- «Стрестен арылу жолдары және жаттығу түрлері» психологиялық тренинг,
- «Оқушы бойынан зорлық-зомбылық белгілерін қалай байқауға болады 3?!» түсіндірме жұмыс;
- «Оқушының пәнге қызығушылықтары» психологиялық кеңес,ой толғау
- «Эмоция түрлері» психологиялық кеңес,ұсыныстар;
- «Оқушы бойынан зорлық-зомбылық белгілерін қалай байқауға болады 4?!» түсіндірме жұмыс.

Сыныптар	Агрессия			Үрей			Өзін-өзі бағалау		
	Жоғары	орташа	Төмен	Жоғары	орташа	Төмен	Жоғары	орташа	Төмен
5 «А»	4%	9%	87%	2%	5%	93%	73%	23%	4%
5 «Ә»	2%	7%	91%	0%	3%	97%	81%	17%	2%
5 «Б»	7%	9%	84%	3%	4%	93%	76%	21%	3%
6 «А»	4%	9%	87%	2%	5%	93%	73%	23%	4%
6 «Ә»	1%	0%	99%	0%	3%	97%	81%	17%	2%
6 «Б»	7%	6%	87%	4%	2%	94%	83%	14%	3%
7 «А»	2%	7%	91%	0%	3%	97%	81%	17%	2%
7 «Ә»	1%	0%	99%	0%	3%	97%	73%	23%	4%
7 «Б»	9%	7%	84%	5%	3%	92%	78%	19%	3%
8 «А»	4%	9%	87%	2%	5%	93%	73%	23%	4%
8 «Ә»	1%	0%	99%	0%	3%	97%	81%	17%	2%
9 «А»	2%	7%	91%	0%	3%	97%	81%	17%	2%
9 «Ә»	4%	9%	87%	2%	5%	93%	73%	23%	4%
10 «А»	2%	5%	93%	1%	6%	93%	89%	11%	0%
10 «Ә»	3%	2%	95%	1%	4%	95%	85%	15%	0%
11 «А»	1%	2%	97%	2%	1%	97%	91%	9%	0%
11 «Ә»	0%	2%	98%	2%	1%	97%	92%	8%	0%

Ата-аналармен профилактикалық жүргізілген жұмыстар:

- ✓ «Балаларымызды қауіп-қатерден сақтайық!» түсіндірмен жұмыстар;
- ✓ «Жаңа мектепке келген балама, психологиялық қолдау» психологиялық кеңестер, ұсынымдар;
- ✓ Оқушылардың жаңа мектепке бейімделудегі қиыншылықтар және оларға ата-ананың көмегі;
- ✓ «Жасөспірім балалармен дұрыс қарым-қатынас жасау әдебі» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
- ✓ «Менің баламның мінез-құлықтары» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
- ✓ «Жасөспірім бойындағы үрей мен қорқыныш» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
- ✓ «Жасөспірім бойындағы ашу, ыза кезіндегі, ата-ана мен бала арасындағы дұрыс қарым-қатынас құра білу» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
- ✓ «Балаларымызды қауіп-қатерден сақтайық 2!» түсіндірмен жұмыстар;
- ✓ «Менің баламның сүйікті пәні және ұстазы?!» психологиялық кеңес, сырласу, кеңес беру;
- ✓ «Менің баламның сыныбы және достары» психологиялық кездесу, сырласу;
- ✓ «Жасөспірімдердің күйзеліс көріністері» психологиялық кеңес, ұсыныстар;
- ✓ «Жас жеткіншек шақтағы түрлі мінез-құлықтар» психологиялық кеңес, ұсыныс;
- ✓ «Суицидке бейімділіктің алдын алу!» психологиялық кеңес, ұсыныстар;
- ✓ «Стрестен арылу жолдары және жаттығу түрлері» психологиялық тренинг;
- ✓ «Балаларымызды қауіп-қатерден сақтайық 3!» түсіндірмен жұмыстар;

- ✓ «Баламның оқуға ынтасы» психологиялық кеңес, ұсыныстар;
- ✓ «Эмоция түрлері» психологиялық кеңес, ұсыныстар;
- ✓ «Балаларымызды қауіп-қатерден сақтайық 4!» түсіндірмен жұмыстар.

Ерте жастағы жүктілік пен заңсыз жыныстық қол сұғушылықтың алдын алуға байланысты өткізілген жұмыстар:

- «Зорлық-зомбылықтың және өзіне-өзі қол жұмсаушылық бейімділігін анықтау» Жасырын сауалнама;
- «Қызбала өткені мен бүгіні және болашағы» ата-аналар жиналысы;
- «Зорлық-зомбылық пен жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу» буклеттер, бюрошалар, визиткалар тарату (ата-аналарға және оқушыларға);
- «Балалар. Жеке шекара. Қауіпсіздік. Балаларға жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу» Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы;
- «Ерте жүктіліктің салдары» 8-11 сыныптарға бейне таспа;
- Психологиялық сағат «Қалай сексуалдық пайдалану яғни жыныстық зорлықтың құрбаны болмау керек?» 8-11 сынып оқушыларына психологиялық дәріс, сабақ;
- Қыз балалардың жеке бас гигиенасы. 5-11 сынып қыз балаларға түсіндірме жұмыстар;
- «ВИЧ/СПИД- тің алдын алу бойынша түсіндірме» Жадынама тарату;
- «Зорлық-зомбылықтың және өзіне-өзі қол жұмсаушылық бейімділігін анықтау» Жасырын сауалнама;
- Қазақтың ұлттық психологиясындағы қыз баланың тәрбиесі. 7-11 сынып қыз балаларына Психологиялық дәріс;
- Қыз бен ұлдың арасындағы достық. 7-11 сынып оқушыларына психологиялық дәріс, әңгіме;
- Отбасындағы зорлықтың алдын алу. Бейне таспа көрсету;
- «Зорлық-зомбылықтың және өзіне-өзі қол жұмсаушылық бейімділігін анықтау» Жасырын сауалнама;
- Жауапсыз махаббаттың құрбаны болмаудың алдын алу, дәріс;
- «Зорлық-зомбылықтың және өзіне-өзі қол жұмсаушылық бейімділігін анықтау» жасырын сауалнама.

Деструктивті контентті анықтау үшін әлеуметтік желілердің мониторингі бойынша жұмыс жүргізілуде. Кәмелетке толмаған білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оларға заманауи ақпараттық-телекоммуникациялық ортада жауапты және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын үйрету арқылы мектептің барлық сыныптарында сынып жетекшісімен, әлеуметтік педагогпен және психологпен бірлесіп тұрақты негізде тақырыптық іс-шаралар өткізіледі. 5-7 сынып оқушылары үшін бұл іс-шаралар сабақ-тренинг, сабақ-ойын түрінде өтті. 8-9 сынып оқушылары үшін бұл іс-шаралар тренинг-практикум, сабақ-дәріс түрінде өтті. Осы тақырып бойынша іс-шараларды өткізу кезінде мынадай аспектілер қозғалды: баланы интернет желісінде күтіп тұрған тәуекелдер тізбесі; электрондық поштаны сауатты пайдалану жөніндегі ұсынымдар; жедел хабар алмасу орталарында қауіпсіз қарым-қатынас технологиялары. Оқушылар чаттардағы қауіпсіз

қарым-қатынас жөніндегі нұсқаулықтармен; Интернетке тәуелділіктің алдын-алу және оны жеңу жөніндегі кеңестермен; Интернет желісіндегі балалардың қауіпсіздігі жөніндегі жалпы ережелермен қамтамасыз етілді. 10-11 сынып оқушылары үшін аталған іс-шара дәріс түрінде өтті. Мұнда интернетте қауіпті нысандар қарастырылды: қалаусыз бағдарламалар; жеке деректерді қорғау; алаяқтық; виртуалды «достар»; қарақшылық; online-ойындар; этика; ақпаратқа сыни көзқарас.

«Ерекше назар аударатын топ» оқушыларын анықтау үшін тоқсан сайын анонимді сауалнама жүргізіледі: «Кәметке толмағандарға тұрмыстық және физикалық зорлық-зомбылықты анықтау» және «Жасөспірімнің жеке басының өз-өзіне қол жұмсау бағытын анықтау». «Ерекше назар аударатын топтары» оқушыларымен осындай түзету іс-шаралары мен психологиялық әңгімелер, дөңгелек үстелдер, өмірдің құндылығы туралы тренинг элементтерімен сабақтар өткізіледі: «Мен және мені қоршаған орта», «Мен және менің іс-әрекеттерім», «Мен ерекшемін » және т.б. «Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК нашакорлықтың алдын-алу бойынша мамандарды тарта отырып, кездесулер: «Алкогольдің, темекі шегудің, электрондық темекінің, темекі шегу қоспаларының зиянды әсері», сондай-ақ «ЖИТС-тың алдын-алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қостанай облыстық орталығы» КМК оқушыларға «АИТВ-инфекциясы ЖИТС. Беру жолдары. Алдын-алу қағидаттары», өткізу 1 желтоқсанға (Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні), жыныстық тәрбие бойынша әңгімелер: «Шынын айтқанда...»; кәсіби өзін-өзі анықтау бойынша әңгімелер: «Болашақа бір қадам», «Мамандық тандау түрткілері»; СӨС алдын-алу бойынша пікірталастар: «Көңіл күй жайдары-Денсаулық», «Денсаулық – байлықтан қымбат», «Арак ішіп, темекі шеккен, Денсаулықтың түбіне жетеді» және басқалар. Білім беру қызметі уақытылы және сұраныс бойынша жүргізіледі: оқушылар мен ата-аналарға, педагогтарға ұсынымдар.

Оқушыларға арналған ұсыныстар: психикалық денсаулықты сақтау, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы; «Өзін-өзі бағалауды қалай арттыруға және өзін-өзі сүйеге болады?», «Құрдастарымен қалай оң қарым-қатынас орнатуға болады?», «Сыныптастарымен қарым-қатынас», «Өмірдегі қиындықтарды жеңуді үйрену», «Өмірге деген көзқарас? Позитивті!». Ата-аналарға арналған ұсыныстар мен жадынамалар: «Балалардың күйзелісі және оның себептері», «Зорлық-зомбылықсыз тәрбиелеу», «Интернет желісіндегі қауіпсіздік ережелері», «Чаттардағы қауіпсіз қарым-қатынас жөніндегі нұсқаулық», «Бақытты балаларды тәрбиелеу ережелері», «Баланы стресстік төзімділікке қалай үйрету керек?», «Баланы қалай бұзбауға болады», «Баланы тәрбиелеу процесінде көтермелеу және жазалау». Бесінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған психологтың кеңестері: «Бейімделуден қалай сәтті өту керек», «Бала оқығысы келмейді. Оған қалай көмектесуге болады?».

Мұғалімдерге арналған ұсыныстар мен жадынамалар: «Оқушы мен мұғалімнің өзара сыйластық қарым-қатынасы – табысты оқудың кепілі. Мұғалімдерге ескерту», «Кәсіби және эмоционалды күйіп қалу», «Стресске

төзімділік». Оқушыларға, ата-аналарға арналған визиткалар «Қиын болса – жай қоңырау шалыңыз», 111 төтенше жағдай қызметі, балалар мен жастарға арналған сенім телефоны.

Жеке консультациялар, ата-аналар жүгінген сұраулар бойынша тақырыптар: «Ересектер мен балалар: қарым-қатынас динамикасы», «Отбасылық қақтығыстар. Оларды қалай болдырмауға болады?», «Баланың проблемалары. Оларды кім шеше алады және қалай шешуге болады?», «Сіздің балаңыз және оның достары», «Отбасыдағы балаларды сүю және тәрбиелеу», «Жыныстық тәрбие. Қашан бастау керек?», «Ұру немесе ұрмау. Бұл сұрақ?», «Мамандық таңдау. Бұл кімнің ісі?», «Балалардағы аутодеструктивті мінез-құлық пен жағымсыз әдеттердің алдын-алудағы отбасылық қарым-қатынастың рөлі», «Буллинг – онымен қалай болу керек?».

Мектеп оқушыларымен психологиялық тренингтер, әңгімелер, техникалар, жаттығулар, профилактикалық және түзету сабақтары өткізіледі: өміршен ұстанымдарды қалыптастыру мақсатында жасөспірімдерде «Өз проблемаларымен күресуді үйрену», «Тәуелділікке қарсы тұра білу», «Қандай әдемі дүние...» әлеуметтік дағдылар тренингтері өткізілді. Оқушыларды емтиханға дайындау бойынша тренингтер: «Оқуды бітіру емтихандары мен ҰБТ-ға қалай сәтті дайындалу керек», «Табысқа жету жолы», «Өмірлік мақсаттарға жету жолдары» және т.б. Мұндай тренингтердің мақсаты оқушылардың емтихандарға эмоционалды – оң көзқарасын, шиеленісті жағдайларда өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, мектептегі мазасыздық деңгейін қалыпты жағдайға дейін төмендету. Оқушыларға арналған әңгімелер: «Мамандық таңдауға қандай факторлар әсер етеді. Мамандықтарды таңдау мотивтері», «Мен және менің мамандығым», «Мен және менің ортам». «Мен – бесінші сынып оқушысымын» бейімделу кездесулері; оқушылармен жыныстық тәрбие бойынша әңгіме: «Ұлдар мен қыздардың қарым-қатынасы». Осы бағыттардың мәселелер ата-аналар жиналыстарында, педагогикалық кеңестерде жарияланады.

Ата-аналар жиналысы: «Бірінші және бесінші сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің ерекшеліктері», «Жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқы: проблемалары және олардың шешімдері», «Кәмелетке толмағандардың өз-өзіне қол жұмсау мінез-құлқының алдын-алу», «Кәмелетке толмағандарға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу», «Оқушылардың кәсіби бағдары. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтаудағы ата-аналардың рөлі».

Директор жанындағы кеңестер, педагогикалық кеңестер, ұсынымдар, жадынамалар, баяндамалар, тренингтер, сауалнамалар, тесттер: «Кәсіби жану және оның алдын-алу жолдары» жадынамалар, «Мемлекеттік емтихандарға дайындалудағы мұғалімнің көмегі» кеңестер, «Кәсіби жану белгілерін тексеруге» арналған тесті, «Педагогтардың жүйке-психикалық тұрақтылығын бағалауға» арналған тесті, «Жас мамандардың жұмысқа көзқарастарын анықтау» сауалнамасы, «Дарынды балалармен жұмыс істеуге мұғалімнің бейімділігін анықтау» сауалнамасы, «Жұмыспен қанағаттана білейік» атты психологиялық тренинг, «Әріптестік қарым-қатынас» тақырыбындағы

психологиялық тренинг, «Сенімен болашақ» қоғамдық бірлестігімен психологиялық тренинг, «Пән мұғалімдеріне психологиялық әдістерді қолдану арқылы дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту» атты баяндама, «Тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруда зерттеу жүргізу және оңтайлы шешімдер іздеу» тақырыбындағы баяндама, «Мұғалімнің психикалық денсаулығы. Стресске қарсы» атты баяндама.

Гимназияның бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру мақсатында білім беру сапасын арттыру және әр түрлі даму орталарында оқушылардың жеке басын қалыптастыру процесін жүзеге асыру үшін сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастырылды. Сабақтан тыс қызмет білім алушылардың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын-алуға үлкен көмек көрсетеді және базалық білім берудің тең құқылы, бірін-бірі толықтыратын құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқушылардың саналы кәсіби өзін-өзі анықтауына мектептің қосымша білім беру жүйесі ықпал етеді.

Сабақтан тыс жұмыстар жеке тұлғаны дамытудың келесі бағыттары бойынша ұйымдастырылады:

- Көркемдік-эстетикалық бағыты: хореографиялық, вокалдық, хор, домбыра, театр, пікірталас, қолөнер үйірмелері.
- Дене шынықтыру-спорт бағыты: баскетбол, волейбол, жеңіл атлетика, шахмат, тоғызқұмалақ, асық ату үйірмелері.

2022-2023 оқу жылында 11 үйірме, 2 спорт секциясы жұмыс істеді. Оқушылар бекітілген кестеге сай үйірме сабақтарына қатысты.

2023-2024 оқу жылы 11 үйірме, 3 спорт секциясы жұмыс істеді.

2024-2025 оқу жылы 12 үйірме, 5 спорт секциясы жұмыс істейді. Педагогтар құрамы жыл сайын тұрақты, осы мектепте бірнеше жылдан бері еңбек етіп келеді.

Үйірмеге бөлінген сағат сандары гимназиядағы сыныптар жиынтығына байланысты бөлінеді.

Үш жыл қатарынан оқушылардың үйірмелерге қатысуы 100% қамтылған. Сонымен қатар оқушылар қаладағы қосымша білім беру орталықтары мен тілдік курстарға барады.

«Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру мақсатында 2021-2022 оқу жылында «Қаракөз» театр үйірмесі ашылып, репертуарында бүгінде «Жаралы гүлдер» және «Азаттық жол» атты спектаклдері көрермендерге ұсынылды.

«Өркениет» дебат үйірмесінің шәкірттері қазіргі таңда Қостанай облысы бойынша ең мықты командалардың бірі болып есептеледі. Ұлттық тәрбиеге бағытталған «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Іңкәр» би, «Вокал», «Хор» үйірмелердің рөлі жоғары.

Спорттық «Волейбол», «Баскетбол», «Шахмат», үйірмелері білім алушылар арасында гимназияішілік жарыстар мен турнирлерді өткізуді дәстүрге айналдырған.

Үйірмелер кестесі

Жыл	Үйірмелер													
	Оқушылар саны	«Іңкәр» би	Вокал	Хор	Қолөнер	«Қарагөз» театры	«Домбыра»	«Жолда жүру» ережесі	«Жас сарбаз»	«Кәсіптік бағдар беру»	«Полицияның жас көмекшілері»	«Шаңырақ» клубы	Оқушылар саны	Үлесі
2022	383	1	1	1	1	1	-	1	1	1	-	-	362	94,5 %
2023	395	1	1	1	1	1	1	-	1	1	1	1	395	100 %
2024	430	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	430	100 %

2021 жылы «Іңкәр» би тобында барлығы 65 оқушы қатысты. «Вокал» үйірмесіне 20 оқушы қатысып, қалалық, облыстық деңгейдегі ән сайыстарына қатысып жүр.

«Хор» үйірмесіне 30 оқушы қатысып, әртүрлі гимназияішілік іс-шаралар мен апталықтарда өз өнерлерін көрсетті. «Қолөнер» үйірмесіне 30 оқушы қатысты. Оқушылар әртүрлі бұйымдарды жасап, көрмелер ұйымдастырды. «Қарагөз» театры оқушыларды сахнада сөйлеу, өзін еркін ұстау, өз ойын анық нақты жеткізумен қатар, гимназияішілік тәрбие жұмыстарына қатысып, өнерлерін көрсетті. «Жолда жүру» үйірмесіне 50 оқушы қатысты. Жолда жүру ережелерін үйреніп, қауіпсіздікті барынша сақтау бойынша насихаттар жүргізді. Қаланың ортасында орналасқан гимназия болғандықтан, балалардың арасындағы жарақаттанудың алдын алуға септігін тигізетін үйірме. «Жас сарбаз» үйірмесіне 34 оқушы қатысып, патриоттық сайыстарға қатысты. «Кәсіптік бағдар беру» үйірмесіне 30 оқушы қамтылды. оқушылардың болашақта мамандық таңдауына жол көрсетіп, Жоғары оқу орындарымен байланысқа шығып, мамандықтармен танысты.

2022 жылы «Іңкәр» би тобы барлығы 70 оқушы қатысты. «Вокал» үйірмесіне 30 оқушы қатысып, деңгейдегіндегі сайыстарға қатысып жүр. «Хор» үйірмесіне 35 оқушы қатысып, әртүрлі гимназияішілік іс-шаралар мен апталықтарда өз өнерлерін көрсетті. «Қолөнер» үйірмесіне 35 оқушы қатысты. Оқушылар әртүрлі бұйымдарды жасап, көрмелер ұйымдастырды. «Қарагөз» театры 60 оқушыны сахнада сөйлеу, өзін еркін ұстау, өз ойын анық нақты жеткізумен қатар, гимназияішілік тәрбие жұмыстарына қатысып, өнерлерін көрсетті. «Жолда жүру» үйірмесіне 60 оқушы қатысты. Жолда жүру ережелерін үйреніп, қауіпсіздікті барынша сақтау бойынша насихаттар жүргізді. арқасында Қаланың ортасында орналасқан гимназия болғандықтан, балалардың арасындағы жарақаттанудың алдын алуға септігін тигізетін үйірме. «Жас сарбаз» үйірмесіне 35 оқушы қатысып, патриоттық сайыстарға

қатысты. «Кәсіптік бағдар беру» үйірмесі 37 оқушы қатысты. Оқушылардың болашақта мамандық таңдауына жол көрсетіп, Жоғары оқу орындарымен байланысқа шығып, мамандықтармен танысты.

2023 жылы «Іңкәр» би тобында барлығы 75 оқушы қатысты. «Вокал» үйірмесіне 30 оқушы қатысып, қалалық, облыстық деңгейдегі ән сайыстарына қатысып жүр. «Хор» үйірмесіне 35 оқушы қатысып, әртүрлі гимназия ішілік іс-шаралар мен апталықтарда өз өнерлерін көрсетеді. «Қолөнер» үйірмесіне 30 оқушы қатысты. 2023 оқу жылында «Қаракөз» театры үйірмесі жетекшісі, І. Омаров атындағы облыстық қазақ драма театры актері - Маратұлы Қуаныш. Үйірмеге 50 оқушы қатысады. Сахнада сөйлеу, өзін еркін ұстау, өз ойын анық нақты жеткізумен қатар, гимназия ішілік тәрбие жұмыстарына қатысып, өнерлерін көрсетті. «Жолда жүру» үйірмесіне 60 оқушы қатысты. Жолда жүру ережелерін үйреніп, қауіпсіздікті барынша сақтау бойынша насихаттар жүргізді. арқасында Қаланың ортасында орналасқан гимназия болғандықтан, балалардың арасындағы жарақаттанудың алдын алуға септігін тигізетін үйірме. «Жас сарбаз» үйірмесіне 40 оқушы қатысып, патриоттық сайыстарға қатысты. «Кәсіптік бағдар беру» үйірмесі 30 оқушы қатысты. Оқушылардың болашақта мамандық таңдауына жол көрсетіп, Жоғары оқу орындарымен байланысқа шығып, мамандықтармен танысты. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, буллингтің, кибербуллингтің алдын алу мақсатында «Полицияның жас көмекшілері» үйірмесі құрылды. Жетекшісі – Шаяхметов И.Н. барлығы 30 оқушыны қамтыды.

2023 оқу жылы «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның тұжырымдамасы, «Ақындар айтысы» бірінші тоқсан бөлімі негізінде «Домбыра» үйірмесі құрылды, үйірмеге 35 оқушы қатысады.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат негізінде, С.Мәуленов гимназиясында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы бойынша жұмысты күшейту және ата-аналардың позитивті мәдениетін дамыту мақсатында, қолға алу мақсатында «Шаңырақ» үйірмесі құрылды. Жетекшісі – гимназия педагог-психологы Г.Ниязбекова.

Спорттық секциялар кестесі

Жыл	Спорттық секциялар								
	Оқушы саны	Волейбол	Баскетбол	Тоғызқұмалақ	Жеңіл атлетика	Үстел ойындары (шахмат, шашки)	Асық	Қатысқан оқушылар саны	Үлесі
2022	383	1	1	1	1	1	-	362	94,5%
2023	395	1	1	1	-	1	1	395	100%
2024	430	1	1	1		1	1	430	100%

2023 жылы Волейбол, Баскетбол, Тоғызқұмалақ, Жеңіл атлетика, Үстел ойындары (шахмат, шашки), «Асық» секциялары 395 оқушыны қамтыды. Қазақстанда соңғы жылдары ұлттық ойындарға, оның ішінде асық ойындарына деген қызығушылық қайта жандануда. Балалар мен жастар асық ойнауға және өзінің қырағылығын тексеруге көбірек ниет білдіруде.

2024 жылы Волейбол, Баскетбол, Тоғызқұмалақ, Жеңіл атлетика, Үстел ойындары (шахмат, шашки) барлығы 430 оқушыны қамтыды. Қалалық, облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Асық ойнау – бұл жай ғана ойын емес, дәлдік пен көшбасшылық қасиеттерді дамытатын, оқушылардың логикалық ойлауына оң әсер ететін спорт.

Ұлттық ойындарды өткізу балалар мен жастарды тәрбиелеудің маңызды құрамдас болып табылады, «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның тұжырымдамасы сондықтан «Асық» үйірмесін 2023 жылы ашылды. Жтекшісі - Арықпанов Бейсембай Ильясұлы.

Қосымша білім беру педагогтарының жұмысы қосымша білім беру мазмұнын жүйелі түрде жаңартуға бағытталған. Үйірмелер мен секциялар мүшелерінің жеткілікті сандық құрамын атап өткен жөн. Үйірме жетекшілері оқушылардың ынтасын арттыруға тырысады, бұл жыл бойы конкурстарда, жарыстарда тұрақты және жақсы нәтижелер әкелуінен байқалады.

Үш жылдық гимназияішілік үйірмелердің шәкірттерінің жетістіктері:

Оқу жылдары	Халықаралық				Республикалық				Облыстық				Қалалық				Барлығы
	ГП	I	II	III	ГП	I	II	III	ГП	I	II	III	ГП	I	II	III	
2022	-	1	-	-	1	2	4	5	-	5	6	6	-	4	3	7	44 орын
2023	-	-	-	1	2	3	5	2	-	7	8	5	1	6	3	3	46 орын
2024	-	-	-	-	-	1	1	2	-	2	1	1	2	2	1		13 орын

Шахмат үйірмесі аптасына 3 рет өткізіледі, оқушылар қалалық, облыстық турнирлерге белсене қатысып жүр. Жетекшісі- Шаяхметов Ильяс Нурланұлы. Гимназияда " Қаракөз " оқушылар театры өз жұмысын жүйелі жүргізіп жатыр.Қараша айында "Жас актер" қалалық театрлық қойылымдар сайысы өтті, сайыста өз өнерлерін көрсетіп, жүлделі 1 орынға ие болды."Kostanay music games" музыкалық аспап орындаушыларының республикалық байқауында 6 "А" сынып оқушысы Канапин Дархан "Gold Line" номинациясы бойынша 1шығарма, 2 күй орындап 1-орынға ие болды. 2022 жылдың 22-25 қараша аралығында " Айсұлтан" өнер мектебінің ұйымдастыруымен өткен облыстық волейбол ойыны бойынша гимназия оқушылары облыстық мектеп Лигасына қатысып, жүлделі Бас жүлдені иеленді. 2023 жылдың 16-18 желтоқсанда Қостанай қаласында тоғызқұмалақтан Қостанай облысының жасөспірімдер арасындағы біріншілігі өтті. Жарысқа облысымыздың 10 командадан 200 жуық оқушы қатысты. 2009-2010 жылғы қыздар арасында біздің оқушымыз Назымова Айым 2-орын иеленді. 2024 жылдың 12-14 қаңтар аралығында тоғызқұмалақтан рапид және блиц түрінен ерлер және әйелдер арасында Қостанай облысының чемпионаты өтті. Гимназиямыздың 8-сынып

оқушысы Назымова Айым I орын иеленді. Павлодар қаласында өтетін ҚР чемпионатына жолдама алды.

2024 жылдың 3 ақпанында Шымкент қаласында өткен халықаралық «Таланттар әлемі» би сайысында «Іңкәр» би тобы бас жүлде иеленді. Жетекшісі - Бертағыұлы Ғалым.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2024 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми әдістемелік кеңесі шешімімен (2024 жылғы « 10 маусымдағы №2 хаттлама) «2024 -2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін қйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хаты негізінде былтырдан басталған және де осы **2024-2025 оқу жылында** гимназияда «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында гимназияішілік тәрбие жоспары құрылды.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым

түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық_Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту.

Жалпы орта мектеп түлегі: халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну; ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну; мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау; мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу; отандық және әлемдік мәдениетті

танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық; Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ.

Құзыреттілік: тиімді коммуникация.

Жалпы орта мектеп түлегі: әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану; ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау; басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну; қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік.

Құзыреттілік: қоғамға қызмет.

Жалпы орта мектеп түлегі: нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу; әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу; қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану; белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету; тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп.

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық.

Жалпы орта мектеп түлегі: өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау; моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану; тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.

Құзыреттілік: инновациялық ойлау.

Жалпы орта мектеп түлегі: тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы; өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау; нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу; еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну; дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық.

Құзыреттілік: шығармашылық.

Жалпы орта мектеп түлегі: зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану

кабілеті; ақпаратты талдау және бағалау; жаңа идеяларды ұсыну; заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру; мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Әр айдың іс-шаралары күнделікті.

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізілді «Менің Қазақстаным» оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды. «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады. «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

Бұл бөлімде тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін негізгі құндылықтар мен құзыреттердің жүйесі ұсынылады. Аталған бөлімде тәрбие мен оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудан бастап техникалық және кәсіптік білім беру деңгейлерінде түлектердің білім, білік және дағдыларының сипаты ұсынылады. Ұсынылған құндылықтар жүйесін педагогтер сынып сағаттарын мақсатты түрде жоспарлауда және күнделікті сабақ мазмұнына кіріктіруде қолдана алады. Бұл білім алушылардың бойына құндылықтарды дарытуда және олардың табысты әлеуметтенуіне, зияткерлік және тұлғалық дамуына, сондай-ақ Қазақстанның болашақ азаматтарының кәсіби қалыптасуына ықпал ете алады. Құндылықтардың білім, білік және дағды түрінде ұсынылған жүйесі білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда және сынып сағаттарын жоспарлауда қолдану қажет. Әр сынып сағатының соңында 10 минут көлемінде білім алушының жеке қауіпсіздігіне уақыт бөлу ұсынылады. Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалар:

- «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру. Назар аударыңыз

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру: басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу; өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу; еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру; біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;

- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Біртұтас тәрбие кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек-қазан айында 6 құндылық бойынша жүргізілген жұмыстар:

«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты бағыт бойынша 1 қыркүйек – «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында, алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Заң және тәртіп» құндылығы бойынша Қостанай қаласындағы жастар денсаулығы орталығының жетекшісі Ергалиева Ж.О және педиатр Бисембина О.Е. «Жолда жүру ережесін сақтау және жарақаттың алдын алу» тақырыбында 5 сынып оқушыларына дәріс өткізді. Бұл дәрістен оқушыларымыз мектепте жүру тәртібімен қатар жол қозғалысы жайлы көптеген ақпараттар ала алды.

Тәуелсіздік және отаншылдық бағыты бойынша буллинг және кибербуллинге қарсы 7 қыркүйек денсаулық күніне байланысты гимназия ішілік «Денсаулық фестивалі» болып өтті. Гимназиямыздың мұғалімдері мен оқушылары спорттық үлгідегі киіммен келіп, мектепте спорт жайлы түрлі ақпараттар хабарланып мерекелік күннің лебі сезілді. Ең алдымен ашылуы болып, ән айтылып, 11-сынып оқушыларының флешмобы мен дене

қыздыру жаттығуы өтті. Денсаулық іс-шарасы негізінде гуманитарлық және жаратылыстану мұғалімдері арасында эстефатылық жарыс, 5 сыныптар арасында «Көңілді мәре» ойындары, 8,9,10 сыныптар арасында- «футбол», 9,10,11 сыныптар арасында- «күш сайысы», 6,7-сыныптар арасында «Көңілді ойындар», «Пионербол» сайыстары болып өтті. Сайыс соңында жеңімпаз оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.

«Отбасылық дәстүрлер». Отбасы күніне орай кітапхана меңгерушісі Тлеубердиева Д.Т 6- сынып оқушыларына отбасылық құндылықтар мен әдет-ғұрыптарды, мұраларды таныстырды. Сондай-ақ, отбасылық әңгімелер, отбасылық мерекелер жайлы сұрақтар өрбітті.

Бірлік және ынтымақ құндылығына байланысты «Ата аналарды қолдау орталығы» жобасы аясында 6 қыркүйек күні гимназиямызда Жалпы гимназияішілік ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналар гимназия Жарғысы және мектептің Ішкі тәртібі ережесімен танысты.

▪ Гимназия директоры Мадиебаев А.И “2023-2024 оқу жылы бойынша қорытынды есеп жүргізіп, жаңа 2024-2025 оқу жылындағы міндеттер жайлы” айтып өтті.

▪ Оқу ісінің меңгерушісі Балтабаева Г.К “2023-2024 оқу жылының қорытындысы” жайлы есеп берді.

▪ ТЖЖО м.а Қарағұлова Н.Қ “Мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау туралы ережелермен” таныстырды.

▪ Әлеуметтік педагог Бекбаева А.А “Құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы” мәлімет берді.

▪ Медбике Бекишова А.А “Балалардың денсаулығын сақтау, тұмаудың, жасөспірім қыздарға папилома вирусының алдын-алудың жолдары жайлы” түсіндіріп өтті.

▪ Педагог-психолог Ниязбекова Г.Т “2024-2025 оқу жылындағы психологиялық қызмет жұмысының ерекшеліктері мен оқу-тәрбие үрдісіне бейімделу мәселелерімен” таныстырды

«Әділдік және жауапкершілік» құндылығы бойынша Тілдер күні мерекесіне байланысты гимназиямыздың 6 сынып оқушылары А.С.Пушкин атындағы қалалық балалар кітапханасына барып, “Тіл-халықтың тірі жаны” атты эрудит шоу интеллектуалдық іс-шарасына қатысып, білімдерін шыңдап қайтты.

«Тәуелсіздік және отаншылдық» бағыты бойынша Гимназиямызда 5 сынып оқушыларына Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай сынып сағаты ұйымдастырылды. Оқушыларды тұлғаның өмірі жайлы тың ақпараттармен таныстырды.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы 12 қыркүйек күні гимназиямызға Қалалық санитарлық санэпидстанция Әбишева Зәуреш Жайлаубаевна, дәрігер эпидимолог Нурмухаммедов Туран Курбанбаевич келіп 11 жастағы оқушы қыздардың ата-анасына АПВ “Адам папилломасы вирусының” алдын алу мақсатында жиналыс өткізіп, вакцинаның қаншалықты пайдалы екендігін түсіндірді. Ата-аналар туындаған сұрақтарының жауабын алды.

Гимназиямызда 5-8 сыныптар арасында “Жол ережесін білесің бе?” тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар жол ережесімен танысты. 17 қыркүйек қазақ поэзиясының лиригі С.Мауленовтің туған күніне байланысты гимназиямызда 5- сынып оқушыларымен С. Мәуленов мұражайымен таныстыру мақсатында іс-шара өтті. Аталған іс-шараның алғашқы кезеңінде гимназиямыздың тәрбие жөніндегі орынбасар м.а Наргүл Қайратқызы сыршыл ақын Сырбайдың өмір жолындағы дара кезеңдермен, ақын жайлы тарихи деректермен және мұражайдың құнды жәдігерлерімен таныстырды.

Оқушыларды ерекше ықыласқа бөлеген келесі кезеңде оқушылар бірінен соң бірі суырылып шығып ақынның жыр шумақтарын ерекше ықыласпен орындады.

Ыбырай Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық балалар кітапханасына барды. Оқушылар кітапхана ішімен толық танысып, өздеріне қажет ақпараттарды игерді. Сондай-ақ, түрлі ойындар ойнап, білімдерін шыңдай түсті.

“БІР ТҮТАС ТӘРБИЕ” жобасы аясында, гимназиямыздың педагог-психологы Г.Т.Ниязбекованың ұйымдастырылуымен “ӨНЕГЕЛІ 15 МИНИУТ” атты ата-ана мен бала арасындағы тығыз қарым-қатынасқа негізделген іс-шара аясында апта сайын балалардың ата-анасымен бірлесіп жасалған бейнероликтері салынып отырады.

2024 жылдың 27 қыркүйек күні гимназиямызда “Аутодеструктивті мінез құлықтың, қорқыту/ кибербуллинг және кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу тақырыбы бойынша ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыста қарастырылған мәселелер:

- Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу
- □ Буллинг/кибербуллингтің алдын алу
- □ Құмар ойындар, лудоманияның алдын алу
- □ Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу

Білім беру процесінде оқушыларды Психологиялық қолдаудың, өңірлік әдістемелік орталығы КММ-де психологиялық көмек алу мүмкіндігі туралы хабардар етуді мақсатында, 5-11- сынып оқушыларына “Егер қиын болса қоңырау шал” атты тақырыпта, сенім телефон номерлерін, гимназия педагог-психологы Г.Т.Ниязбекова ақпаратпен бөлісті.

5 қазан мұғалімдер күніне байланысты “”Дублер күні аталып өтті. Атаулы іс-шарада гимназиямыздың 11- сынып оқушылары 5-10- сынып оқушыларына сабақ өткізіп, өз тәжірибелерін шыңдай түсті. Гимназия мұғалімдерінің арасында командалық жарыстар өтіп, мұғалімдер мақтау қағазбен марапатталды. Сондай- ақ, қазан айының алғашқы мерекелері қазыналы қарттар және ұстаздар күніне байланысты мектебімізде “Ұстаз-ұлы тұлға атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік кешімізге ұстаздық жолында еңбегі сіңген ардагер ұстаздарымыз арнайы шақырылды. Әсем ән, би, көрініске толы кешімізде мектеп оқушылары өнер көрсетті.

Қазыналы қарттарымызғы сый-сияпаттар табысталып, мектебіміздің мұғалімдері алғыс хатпен марапатталды.

Гимназиямызда өрт болған жағдайда қорғау саласында жаттығулар өткізілді. Бұл жаттығулардың негізгі мақсаты өрт кезінде балалар мен қызметкерлердің сауатты іс-әрекеттері мен дұрыс мінез-құлқы дағдыларын дамыту, балаларға өрт орын алған жағдайда табиғат құбылысы туралы түсінік беру. Төтенше жағдай туындаған кезде қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру, зерттеу процесінде аналитикалық ойлауды дамыту. Балалардағы қорқынышты жеңуге психологиялық қолдау көрсету.

Гимназия педагогтері мен қызметкерлеріне өрт туындаған кезде қызметкерлер мен мұғалімдердің іс-әрекеттері бойынша нұсқаулықтар, гимназия ғимаратында төтенше жағдай туындаған кезде педагогтің іс-қимыл алгоритмі берілді. Сондай-ақ, өрт қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстар өткізілді.

гимназиямызда күз мерекесіне орай «Жанында жүр жақсы адам» атты қайырымдылық жәрмеңке акциясы ұйымдастырылды. Осы қайырымдылық акциясынан түскен барлық қаржы біреуге ұстаз, біреуге әріптес, ең бастысы біреуге ана Токаева Назгул Муратбековнаға табысталды.

“Біртұтас тәрбие”, “Еңбегі адал жас өрен” жобасы бойынша гимназиямызда “Алтын күз” мерекесіне байланысты 5-8 сыныптар арасында күз тақырыбына сай, табиғи материалдардан жасалған қолөнер бұйымдарын жасаудан жарыс өтуде. Оқушылардың жасаған қолөнерлері көздің жауын алады.

17 қазанда кітапханада 6- сынып оқушылармен, қазақ тілі мұғалім Муртазина А. қатысуымен Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған іс -шара өткізілді. Балалар әдебиетіне үлкен үлес қосқан қаламгердің шығармаларына арналған көрме ұйымдастырылды.

25 қазан Республика күніне орай арнайы жасалған «Қыран елім - Қазақстаным» атты патриоттық флэшмоб акциясы жәнеде 25 қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған патриоттық әндер сайысы өтті. Ән сайысына гимназиямыздың 5-6- сынып оқушылары қатынасты. Сайысқа әр сынып сақадай сай болып дайындалып келген. Сайыс бағалауында киім, сахнада тұруы, ән айту мәнерлері бағаланды.

Өткізілген іс-шараларды мектептің Instagram парақшасында көруге болады.

https://www.instagram.com/kst_syrbaimaulenov_gimnaziasy?igsh=MW9rb3h0MWM2MGV0Zg==

Соңғы 3 жылдағы 9-сынып білім алушыларының еңбекпен қамтылу көрсеткіші төмендегідей:

Оқу жылы	9-сыныпты бітірген білім алушылар саны	10-сыныпта оқуын жалғастырған білім алушылар саны	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына (ТЖКБ) түскен білім алушылар саны
2022-2023	47	43	4
2023-2024	48	45	3
2024-2025	48	*	*

2022-2023 оқу жылында 9-сыныпты барлығы 47 білім алушы аяқтады. 47 білім алушының 43 білім алушысы 10-сыныпта оқуын жалғастырды. Ал 4 білім алушы, оның ішінде 4 білім алушы бюджеттік негізде ҚР-ның техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында (ТЖКБ) білім алуда. 2023-2024 оқу жылында 9-сыныпты барлығы 48 білім алушы аяқтады. 48 білім алушының 45 білім алушысы 10-сыныпта оқуын жалғастырды, оның ішінде 43 білім алушы біздің мектепте, ал 2 білім алушы Қостанай қаласындағы мектептерде 10-сыныпта оқуын жалғастырған болатын. 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 10-сыныпта оқуын жалғастырушы білім алушылар көрсеткіші жоғары. Ал, 3 білім алушы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында (ТЖКБ) білім алуда. 16 білім алушының 12 білім алушысы бюджеттік негізде оқуда. Екі жылды салыстырар болсақ, ТЖКБ түскен білім алушылардың санының төмендегіні байқалады.

Соңғы 3 жылдағы 11-сынып білім алушыларының еңбекпен қамтылуы:

Оқу жылдары	Білім алушылар саны	Жалпы		ЖОО								
		грант	ақылы	ҚР			Жақын шетел (РФ)			Алыс шетел		
				жалпы	грант	ақылы	жалпы	грант	ақылы	жалпы	грант	ақылы
2022-2023	45	25 (55,5 %)	20 (44,5 %)	40	25	15	0	0	0	5	0	5
2023-2024	30	23 (76,6 %)	8 (7,5 %)	30	23	7	0	0	0	0	0	0
2024-2025	42	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*

2022-2023 оқу жылында 11-сыныпты барлығы 45 түлек бітірді. Оның ішінде, 4 білім алушы «Үздік аттестат» белгісімен марапатталды. 45 білім алушының 25-і (55,5 %) бюджеттік негізде білім алып жатса, қалған 20 білім алушы (44,5 %) ақылы негізде білім алуда, шетелге, соның ішінде алыс шетелге – 5 (11,1 %) түлек оқуға түсті.

2023-2024 оқу жылында 11-сыныпты барлығы 30 түлек бітірді. Оның ішінде, 1 білім алушы «Алтын белгі», 3 білім алушы «Үздік аттестат» белгісімен марапатталды.

Мемлекеттік грант иегерлері -23(76,6%) 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 21,1%-ға өскен, соның ішінде Альмухамбетова А 2 диплом бағдарламасы бойынша грант алды. 6(20%)- педагогикалық мамандық, 5(16%)- IT технологиясы, 2(16%)- техникалық, 1-медицина оқуына түсті. Мемлекеттік грант былтырғы жылмен салыстырғанда 11%-ға өсті.

Жұмысқа орналасуы 30 білім алушы -100% жоғары оқу орнына түсті.

2022-2024 оқу жылын гимназиямыздың 75 түлегі аяқтап, ұлттық бірыңғай тестілеуге 100% қатысып, 75-сі де(100%) жұмыспен қамтылып, мемлекеттік грантқа 78(53%) түлек ие болса, 5 түлек шетелге Канада, Италия, Испания, Турция, Оңтүстік Кореяға жоғары оқу орнына түсті. Қазақстанның жоғары оқу орнындарына Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Астана Медициналық Университеті, Қазақстан

менеджмент, Экономика және болжау институты, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті және т.б. 2022-2023 оқу жылының түлектері жоғары оқу орнына 9 (20%)- педагогикалық маман, 8 (18%)-медицина саласына, 25 (31%)- техникалық мамандыққа, 4(9%)- экономикалық бағытта, 6-гуманитарлық оқу орнына түсті. Жұмысқа орналасуы 75 білім алушы -100% жоғары оқу орнына түсті.

Оқушылардың саны , сапасы туралы мәлімет

Оқу-жылы	Оқу жылының басында	Оқу жылының аяғында	«5»-ке бітіргендер	«4»-пен бітіргендер	«5»-ке	Сапасы
2022-2023	383	377	40	258		79
2023-2024	395	389	57	260		81,5
2024-2025	430	1-тоқсан 430	66	270		77,9

Білім сапасы 2021-2022 оқу жылмен салыстырғанда 4-5% төмендеді, төмендеу себебі қашықтықтан оқыту кезіндегі орта буында білімдеріндегі алдыңғы жылдарындағы олқылықтардың болуы, 2022-2024 оқу жылында жою жұмыстары жүргізілуде. Соңғы 3 жылда үздіктер саны артты 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда үздіктер саны 14 оқушыға(36%) көтерілді.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі

Оқу жылы	9-сынып оқушылар саны	Қатысқаны	Орташы балл	Оқу сауаттылығы	Математика	Жаратылыс математикалық бағыттағы пәндер
2022-2023	47	26	45,5	21,14	9,32	14,9

2022-2023 оқу жылындағы С.Мәуленов атындағы гимназияда 9-сынып оқушыларын білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісіне (бұдан әрі ББЖМ) педагогтардың сапалы құрамы мен кәсіби деңгейлерін анықтау мақсатында мұғалімдердің мәліметтер құрылды, 9-сынып оқушыларын -ға 12 педагог өз үлесін қосты, педагогикалық кадрдың сапалық құрамы : зерттеуші мұғалімдер 83%-ын(10) құрайды.

ББЖМ қатынасқан 9 «б» сыныбында 23 оқушы:

2022-2023 оқу жылы	үлгірімі	сапасы
1-тоқсан	100	45,83
2-тоқсан	100	52,17
3-тоқсан	100	56,5

Жыл бойы оқушылармен психологиялық сүйемелдеу жұмысы өткізілді. Ол үшін аптасына бір рет психологиялық сабақ, Стрестік жағдайда өзінді реттеу әдістері, Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі. Диагностика нәтижесі бойынша оқушылардың мазасыздану деңгейі қалыпты жағдайда. Оқушылардың өзі-өзіне қол салу мүмкіндігінің қауіптілігі анықталған жоқ.

2023 жылдың 28 сәуірінде ББЖМ төмендегі пәндерден өтілді: ББЖМ қатысқан 9 «б» сыныбында 23 оқушының 22-сі қатысты, біреуі Абдигалиев Арнур ҚББ 10.04.2023ж.№515 бұйрығы негізінде, «Балдәурен» сауықтыру орталығына жіберілді.

ББЖМ сынағында орташа балл-45,36-барлық тапсырманың 60,48% орындаған.

Ең жоғары алған оқушы Абдильдин Ардан Асланович -60 балл-80%, төмен алған -16 балл Темиртас Жандос Муратулы 25,3%-ын орындаған.

Пәндер бойынша оқу сауаттылығы -21,14-70,5%, математика-9,32-71,6%, жаратылыс-математикалық пәндер-14,9-46,6%,

Оқу сауаттылығынан орташа балл 21,14-70,5% тапсырманың, тапсырманың 65%-дан жоғары орындаған оқушылар саны-13, бұл барлық оқушының 59%. Жалпы 2 оқушы өз білімдерін дәлелдей алмай тапсырманың 50%-нан төмен орындаған.

Алгебра пәнінен орташа балл 9,3- тапсырманың 71,6%-ын орындаған, Алгебрадан тапсырманың 65%-дан жоғары орындаған оқушылар саны-14 оқушы, оның 4-уі 50%-дан төмен алған.

Жаратылыс-математикалық пәндер-14,9-46,6%. Тапсырған 22-нің 11-і тапсырманың 50%-дан төмен алған, тапсырманың 65%-нан жоғары 2 оқушы орындаған.

ББЖМ-ға білім сапасын бірыңғай өлшеуіш материалдары арқылы мемлекеттік аттестаттауға мүмкіндік береді. Аттестаттаудың бұл формасы мұғалімдердің жұмыс жүйесінде өз әрекетін кешенді жоспарлау, түрлі деңгейде дайындық сапасын арттыру бойынша тұрақты мониторингін жүзеге асыруға көмектесті.

ҰБТ-ның салыстырмалы көрсеткіш нәтижесінің қорытындысы:

Оқу жылы	Бітірушілер саны	Қатысқаны	Орташы балл	0-50 балл
2022-2023	45	100%	89,3	0
2023-2024	30	100%	97,4	0

2022-2023 оқу жылында 11-сыныптың 45 түлегі жалпы орта білім туралы аттестат алды. Жоғары оқу орнына түсу мақсатында 45 түлек қатынасты.

ЖОО орындарымен тығыз байланыс жасалып, оқушы деңгейі ескеріліп физика пәнінен курстар жүргізілді. Сапалы жұмыстардың негізінде ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесі ал биылғы жылы орташа балы- 89,3, былтырғы жылмен салыстырғанда 3 балға артық(3,4%) ұлттық бірыңғай тестілеуге енгізілген пәндер саны-13, дайындаған жоғарғы санатты тәжірибелі мұғалімдер. Түлектердің жетісітігі 9 (20%) түлек 100 балдан жоғары алды, 2022 жылмен салыстырғанда (5) бұл көрсеткіш 55,5%-ға жоғары.

2023 жылдың ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне орынды жақтары:

1. ҰБТ-ге 100% қатысуы,
2. 45 оқушы деңгейлік балды алуы (100%),
3. 100-ден асырған бала саны 9 оқушы,
4. Орташа балдың 2022 жылмен салыстырғанда, 6 балға, жоғары көрсетуі.
5. Қазақ тілі, ағылшын тілі, математика, математикалық сауаттылығы, оқу сауаттылығынан орташа балл 65%-дан асуы.
6. 100% тестік сұраққа жауап берген оқушы саны оқу сауаттылығынан - 3 оқушы, математика сауаттылығы - 1, Қазақстан тарихынан - 1, ағылшын тілінен - 2.
7. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мұртазина А., Досымова З.М, математика мұғалімі Жусупбекова Г.А., ағылшын тілі пәні мұғалімі Сансызбаев О.М.

гимназия мұғалімдері арасында жоғары көрсеткіш көрсетуі оқушылары тапсырманың 65%-ын орындауы.

8. 2022 жылмен салыстырғанда ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесінен жоғары болуы.

9. Оқушылардың 5-пәнді таңдауда жұмыс бейіндік бағытында жұмыс жүргізілді. Жаратылыс -математикалық бағытта - 24 оқушының 83%-ы (20 оқушы) таңдау пәндері бойынша жаратылыс бағытында, 17% (4 оқушы) таңдау пәндері бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәнін таңдаған. Ал қоғамдық гуманитарлық бағытта оқитын сыныпта 21 оқушының 76%-ы (16 оқушы) таңдау пәндері бойынша қоғамдық -гуманитарлық бағытындағы пәндерді, 24%-ы (5 оқушы)жаратылыс бағытындағы пәндерді таңдаған., яғни гимназия бойынша 9 оқушы бейіндік пәндер бойынша мамандық тандамаған.

2023-2024 оқу жылында 11-сыныптың 30 түлегі жалпы орта білім туралы аттестат алды. Жоғары оқу орнына түсу мақсатында 30 түлек қатынасты.

ЖОО орындарымен тығыз байланыс жасалып, оқушы деңгейі ескеріліп физика пәнінен курстар жүргізілді. Сапалы жұмыстардың негізінде ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесі ал биылғы жылы орташа балы- 97,4,былтырғы жылмен салыстырғанда 8,1 балға артық (8,3%) ұлттық бірыңғай тестілеуге енгізілген пәндер саны - 12. Түлектердің жетісітігі 14 (47%) түлек 100 балдан жоғары алды, 2023 жылмен салыстырғанда (6) бұл көрсеткіш 64,3%-ға жоғары.

2024 жылдың ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне оңды жақтары:

1.ҰБТ-ге 100% қатысуы.

2. 100-ден асырған бала саны 14 оқушы.

3.Орташа балдың 2023 жылмен салыстырғанда 8,1 балға, жоғары көрсетуі.

4.Қазақ тілі, математика, математикалық сауаттылығы, оқу сауаттылығы, физика, информатика, география, дүниежүзі тарихынан орташа балл 65%-дан асуы.

5.Ағылшын тілінен 3 оқушы да IELTS тапсырып ең жоғарғы бал алулары.

6.100% тестік сұраққа жауап берген оқушы саны оқу сауаттылығынан - 5 оқушы, математика сауаттылығы - 7, Қазақстан тарихынан - 1, ағылшын тілінен - 3.

7.2023 жылмен салыстырғанда ҰБТ-дің нәтижесінен жоғары болуы.

8. Оқушылардың 5-пәнді таңдауда жұмыс бейіндік бағытында жұмыс жүргізілді. Жаратылыстану-математикалық бағытта - 19 оқушының 94,7%-ы (18 оқушы) таңдау пәндері бойынша жаратылыс бағытында, 5,3% (1 оқушы) таңдау пәндері бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәнін таңдаған. Ал қоғамдық гуманитарлық бағытта оқитын сыныпта 11 оқушының 63,6%-ы (7 оқушы) таңдау пәндері бойынша қоғамдық -гуманитарлық бағытындағы пәндерді, 26,4%-ы (4 оқушы) жаратылыстану бағытындағы пәндерді таңдаған, яғни гимназия бойынша 5 оқушы бейіндік пәндер бойынша

мамандық тандамаған,былтырғы жылмен салыстырғанда 55,5% (4 оқушыға) төмендеген.

ЖОО-на және білім грантына ие болған оқушылар нәтижесі:

Оқу жылы	Бітірушілер саны	ЖОО,%	Білім гранты,бюджет оқушы саны	Білім гранты, %
2022-2023	45	100	25	56
2023-2024	30	100	23	75

2021-2023 оқу жылын гимназиямыздың 75 түлегі аяқтап, ұлттық бірыңғай тестілеуге 100% қатысып, 75-і де(100%) жұмыспен қамтылып, мемлекеттік грантқа 48(64%) түлек ие болса, 5 түлек шетелге Канада, Италия, Испания, Турция, Оңтүстік Кореяға жоғары оқу орнына түсті. Қазақстанның жоғары оқу орнындарына Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Астана Медициналық Университеті, Қазақстан менеджмент, Экономика және болжау институты, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті және т.б. 2022-2023 оқу жылының түлектері жоғары оқу орнына 9 (20%) - педагогикалық маман, 8 (18%) - медицина саласына, 25 (31%) - техникалық мамандыққа, 4 (9%) - экономикалық бағытта, 6-гуманиарлық оқу орнына түсті. Мемлекеттік грант былтырғы жылмен салыстырғанда 8%-ға өсті.

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы негізінде шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді. Апталық 44,1 сағат 5-11 сыныптарға жоғары оқу орнынан мамандарына жетекшілік курстарға бөлінді.

Инвариантты және вариативті (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) компонентін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2022-2023 оқу жылы гимназияның негізгі орта білім беру деңгейінде 12 сынып-комплектісі жасақталды: 5- сынып – 3 комплект, 6- сынып – 3 комплект, 7- сынып – 2 комплект, 8- сынып – 2 комплект, 9- сынып

– 2 комплект. Жалпы орта білім беру деңгейінде **5** сынып-комплектісі жасақталды. 10-сыныптарда–2 комплект, оның 10 «А» сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт, 10 «Ә» сынып жаратылыстану-математикалық бағытында оқиды. 11 сыныптарда–2 комплект, оның 11 «А» сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағыт, 11 «Ә» сынып жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылады. Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 3-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыныптарда 24 білім алушы болуына байланысты төмендергі пәндер топқа бөлінді.

5-9-сыныптарда 2 топқа бөлінетін пәндер:

- орыс тілі мен әдебиеті;
- шетел тілі;
- информатика;
- көркем еңбек.

5-9- сыныптарда 24 білім алушы болуына байланысты 12 сынып топқа бөлінді. 10 «А», 10 «Ә», 11«А» сыныптарда білім алушылардың толымсыздығына байланысты топқа бөлінбеді. 11 «Ә» сыныбында 24 білім алушы болуына байланысты сынып топқа бөлінді

2023-2024 оқу жылы гимназияның негізгі орта білім беру деңгейінде **13** сынып-комплектісі жасақталды: 5-сынып–3 комплект, 6-сынып–3 комплект, 7-сынып–3 комплект, 8-сынып–2 комплект, 9-сынып–2 комплект. Жалпы орта білім беру деңгейінде **5-сынып-комплектісі** жасақталды. 10-сыныптарда–2 комплект, оның 10 «А» сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт, 10 «Ә» сынып жаратылыстану-математикалық бағытында оқиды. 11 сыныптарда-2 комплект, оның 11 «А» сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағыт, 11 «Ә» сынып жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 3-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыныптарда 24 білім алушы болуына байланысты төмендергі пәндер топқа бөлінді.

5-9-сыныптарда 2 топқа бөлінетін пәндер:

- орыс тілі мен әдебиеті;
- шетел тілі;
- информатика;
- көркем еңбек.

5-9 -сыныптарда 24 білім алушы болуына байланысты 12 сынып топқа бөлінді, ал 7«Б» сыныптағы білім алушылардың толымсыздығына байланысты топқа бөлінген жоқ, 10«А», 11«А», 11«Ә» сыныптарда білім

алушылардың толымсыздығына байланысты топқа бөлінбеді. 10 «Ә» сыныбында 24 білім алушы болуына байланысты сынып топқа бөлінді

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде гимназияда факультативтік сабақтар және таңдау бойынша курстар топтарда 10-нан астам адам болған жағдайда өткізіледі деген 3 тарауды басшылыққа ала отырып, гимназиялық компонент топтарға бөлінді. 5-9 сыныптарда әр топта 10 білім алушы болуына байланысты 12 сынып топқа бөлінді, ал 7«Б» сыныптағы білім алушылардың толымсыздығына байланысты топқа бөлінген жоқ. 10«А», 11«А», 11«Ә» сыныптарда білім алушылардың әр топта 10 білім алушы болмауына байланысты топқа бөлінбеді. 10 «Ә» сыныбында 10 білім алушы болуына байланысты сынып топқа бөлінді

2024-2025 оқу жылы гимназияның негізгі орта білім беру деңгейінде **14** сынып-комплектісі жасақталды: 5-сынып–3 комплект, 6-сынып–3 комплект, 7-сынып–3 комплект, 8-сынып–3 комплект, 9-сынып–2 комплект. Жалпы орта білім беру деңгейінде **5** сынып-комплектісі жасақталды. 10 сыныптарда – 2 комплект, оның 10 «А» сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт, 10 «Ә» сынып жаратылыстану-математикалық бағытында оқиды. 11 сыныптарда – 2 комплект, оның 11 «А» сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағыт, 11 «Ә» сынып-жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылады. Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 3-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыныптарда 24 білім алушы болуына байланысты төмендегі пәндер топқа бөлінді.

5-9-сыныптарда 2 топқа бөлінетін пәндер:

- орыс тілі мен әдебиеті;
- шетел тілі;
- информатика;
- көркем еңбек.

5-9- сыныптарда 24 білім алушы болуына байланысты 13 сынып топқа бөлінді, ал 8«Б» сыныптағы білім алушылардың толымсыздығына байланысты топқа бөлінген жоқ, 10«А», 10«Ә», 11«А» сыныптарда білім алушылардың толымсыздығына байланысты топқа бөлінбеді. 11 «Ә» сыныбында 24 білім алушы болуына байланысты сынып топқа бөлінді

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға

арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы негізінде гимназияда факультативтік сабақтар және таңдау бойынша курстар топтарда 10-нан астам адам болған жағдайда өткізіледі деген 3 тарауды басшылыққа ала отырып, гимназиялық компонент топтарға бөлінді. 5-9 сыныптарда әр топта 10 білім алушы болуына байланысты 13 сынып топқа бөлінді, ал 8«Б» сыныптағы білім алушылардың толымсыздығына байланысты топқа бөлінген жоқ. 10«А», 10«А», 11«Ә» сыныптарда білім алушылардың толымсыздығына байланысты топқа бөлінбеді. 10 «Ә» сыныбында 24 білім алушы болуына байланысты сынып топқа бөлінді

Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

- тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2022-2023 оқу жылы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (3-қосымша 5-тарау 62-тармақшасы, 4-қосымша 5-тарау 56-тармақшасы) негізінде мектепте оқу мерзіміне келесідей талаптар қойылған.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

2023-2024 оқу жылы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (3-қосымша 5-тарау 62-тармақшасы, 4-қосымша 5-тарау 56-тармақшасы) негізінде мектепте оқу мерзіміне келесідей талаптар қойылған.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

2024-2025 оқу жылы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (3-қосымша 5-тарау 62-тармақшасы, 4-қосымша 5-тарау 56-тармақшасы) негізінде мектепте оқу мерзіміне келесідей талаптар қойылған.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

- Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылы: «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыз №363 бұйрығы, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2022 жылғы 22 тамыздағы №406, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ 2022 жылғы 31 тамыздағы №1069 «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» бұйрықтары негізінде С.Мәуленов гимназиясының 2022 жылы 31 тамызда 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы № 327 бұйрығымен белгіленді.

Гимназияда 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері анықталды:

1. 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
2. 5-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы.
3. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 5-11 сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылдың 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында).

2023-2024 оқу жылы: «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 04 қазандағы №304, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ-нің 2023 жылғы 05 қазандағы №580, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылғы 06 қазандағы №1306 бұйрықтарына сәйкес негізінде С.Мәуленов гимназиясының 2023 жылы 06 қазанда 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы №390 бұйрығымен белгіленді.

Гимназияда 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

5-11- сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

- 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);
- 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
- 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);
- 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2024-2025 оқу жылы: «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 11 шілдеде № 34720 болып тіркелді), Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2024 жылғы 30 шілдедегі №744 бұйрықтарын негізінде С.Мәуленов гимназиясының 2024 жылы 29 тамызда 2024-2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы №200 бұйрығымен белгіленді.

Гимназияда 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

5-11- сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

- 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
- 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
- 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);
- 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

5-бөлім. Оқу-материалдық активтер

- **Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:**

Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау (білім беру ұйымының басшысымен қолы қойылған, мөрмен бекітілген Әдістемелік нұсқаулықтың 9, 10, 11 қосымшалары қоса берілген.)

Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.)

Гимназия ғимараты 1965 жылы салынған, 3-қабатты типтік ғимарат. Ғимараттың жобалық сыйымдылығы 900 оқушыға арналған. 2003 жылы гимназия ғимараты күрделі жөндеуден өткен. (312 млн.теңге). Жыл сайын ағымдағы жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі Қостанай қаласы әкімінің өкімі - №299, 07.11.2003ж. негізінде Қостанай қаласы, Ы. Алтынсарин көшесіндегі №112 орналасқан гимназияға ғимараттарына жедел басқару құқығы берілген.

Гимназияның ғимараты кірпіштен салынған, 3 қабатты, жалпы ауданы – 4830,0 ш.м., пайдалы алаң ауданы – 2702,6 ш.м.. Жер телімі – 1,1304 га. Қоймалар – 75,4 ш.м., Автомобильдер үшін жылы тұрақ - көлікжәй, 1 қабатты 3-ғимарат, аудандары – 96,7ш.м., 45,6ш.м., 40,9ш.м..

Медициналық қызмет «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті» РММ - лицензия №000859DP, берілген күні - 07.03.2012ж., қосымшасы №030 (жаңартылған), берілген күні 26.02.2021ж. (Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай қаласының №2 емханасы" КМК) негізінде:

- балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық-поликлиникалық көмек көрсету;
- алғашқы медициналық санитарлық көмек;
- дәрігерге дейінгі қызмет атқарылады.

Гимназияда білім алушыларға медициналық көмек көрсету мақсатында: қабылау – 13,8 ш.м., егу – 13,1 ш.м. кабинеттері жұмыс жасайды. Кабинеттер талапқа сай қажетті құралдармен жабдықталған. Коммуналдық мүлікті өтеусіз пайдалану шарты №292, 03.01.2024ж. Медициналық қызметті: 1-мейірбике (0,5ст.) атқарады (Бекишева Ажар Аягановна, бұйрық №7а, 04.01.2017ж.).

Білім алушыларды тамақтандыруға арналған 77 орындық, жалпы ауданы – 143.8ш.м. асханада жүзеге асырылады. Асханада: ас залы – 63.6ш.м., ас даярлайтын бөлме – 62,3ш.м., 2 қоймалар – 7,8ш.м., 8,3ш.м.. құрайтын бөлімдерден тұрады. Асханада білім алушылар бекітілген кестеге сәйкес тамақтанады, соның ішінде тегін тамақтанатын білім алушылар саны – 7. Асхананы жалға алушы - "Сказка" өндірістік кооператив Шамрай Е.А., тамақтануды ұйымдастыру туралы шарт - №46, 03.01.2024ж. (Қостанай облысы, Қостанай қ., Ворошилов көшесі, 50, БСН 970440000252, БСК КСJBKZKX, ЖСК KZ458560000000017613, "Банк ЦентрКредит" АҚ, тел.: 26-14-33). Асханада 1 асхана меңгеруші, 1 аспазшы, 1 ас бөлмесінің қызметкерлері жұмыс жасайды. Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды: білім ұйымы - №Р.17.X.KZ31VWF00101159, күні - 22.06.2023ж.; асхана ЖМ - ОК "Сказка" №2766, 01.11.2010ж.

Гимназияның кітапханасы мектеп ғимаратының бірінші қабатында орналасқан, абонемент және оқу залы біріктірілген. Жалпы ауданы 54,7ш.м. құрайды, соның ішінде оқу залы – 46,3ш.м., кітап сақтау қоймасы 8,4ш.м.. Гимназияның спорт зал ауданы – 267,5ш.м., гимназия территориясында 1902,6ш.м. құрайтын футбол алаңы бар.

Гимназияда жұмыс және әкімшілік кабинеттер қарастырылған. Әкімшілік кабинеттер: қабылдау бөлмесі – 14,3ш.м, директордың кабинеті – 29,5 ш.м., директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары – 15,8ш.м., 16,5ш.м., директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары/аға вожатый – 30,0ш.м. әдістемелік кабинет/директордың әдістемелік (бейіндік) жұмысы жөніндегі орынбасары – 49,0ш.м., директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары – 11,8ш.м., әлеуметтік педагог/іс-жүргізуші – 11,4ш.м., педагог-психолог кабинеті – 16,3ш.м., есепшілер кабинеті – 13,4ш.м., Республика залы – 49,8 ш.м., мұражай – 60,3ш.м..

Гимназияда барлығы 27 оның ішінде: 5-қазақ тілі мен әдебиеті, 3-математика, 3-орыс тілі мен әдебиеті, 4-ағылшын тілі, 3-тарих, 1-география, 1-биология, 1-химия, 1-физика, 2-информатика, сонымен қатар 2-ұл балаларға/2-қыз балаларға арналған технология кабинеттері және зертханалар бар, оның жалпы ауданы – 1752,0ш.м. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына (әрі қарай-Санитарлық қағидалар) сәйкес бір білім алушыға шаққанда 2,5 ш.м. құрайды.

Оқыту сыныптық-кабинеттік жүйеде жүзеге асырылады. Кабинеттердегі жиһаздар санитарлық қағидаларға сәйкес жабдықталған.

Мектеп-гимназия-интернатының оқу кабинеттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» №70 бұйрығына сәйкес жабдықталған.

Акт залы – 130,6ш.м. театрлық орындықтар – 100, дәріскер трибунасы – 1 дана, төралқаға арналған үстел – 1 дана, ноутбук – 1 дана, сахна – 1 дана, шымылдық – 1 жиын, проекторы бар экран /LED-экран – 1 дана, сахнаны жарықтандыруға арналған жабдық – 1 жиын, акт залы мен төралқа үстеліне арналған дыбыс жабдығы – 1 жиын, сымсыз технологиялары бар музыкалық орталық – 1 дана, 4 микрофонға арналған радио микрофондық жүйе – 1 жиынтық, дыбыс/жарық операторының жұмыс орны – 1 жиын.

Кітапхана – 54,7ш.м. шынтақшалары бар аунақшаларда айналатын кресло – 1 дана, кітапханашы ресепшні – 1 дана, кітапханалық көрме сөресі – 5 дана, кітапханалық біржақты сөре – 6 дана, журнал үстелі – 1 дана, бір орынды компьютерлік үстел – 2 дана, бір орынды оқырман үстелі – 10 дана, оқырман орындығы – 10 дана, оқырман формулярларына арналған шкаф – 2 дана, web-камера – 1 дана, акустикалық жүйе – 1 дана, маршрутизатор – 1 дана, көп функционалды құрылғы (көшіргіш/принтер/сканер) қара-ақ – 1 дана, интернетке қолжетімділігі бар дербес компьютер – 1 жиын, нетбук – 4 дана,

кітапхана процестерін кешенді автоматтандыруға және электрондық каталогтарды құруға арналған бағдарламалық жасақтама – 1 дана, желілік фильтр – 2 дана, қабырға картиналары (С.Мәуленов портреті) – 1 дана, кітапхана қоры: жалпы – 19227, оның ішінде оқулықтар – 14848, көркем әдебиет және басылымдар – 4379, электронды оқулықтар мен аудио-бейнетека – 400.

Өткізу пункті – 1 дана, турникет – 1 дана, Face ID «түр» арқылы кіргізеді. Оқу ғимаратының 1,2,3-қабаттарында оқушы қыздар мен ұлдарға және қызметтерге арналған барлық қажетті сантехникалық жабдықтармен жабдықталған жылы 15-санитарлық тораптар орналасқан: жалпы 28 унитаздар, 21 жуу раковинасы (дәретханаларда), 79 жуу раковинасы (оқу кабинеттер, асхана, спортзал және т.б.), 13 кептіргіш, қолды өңдеуге арналған 65 санитайзерлер орнатылған. Мектептегі ауыз су режиміне жауапты шаруашылық жөніндегі орынбасары бұйрық негізінде тағайындалған, 6 субұрқағы орнатылған (әр қабатта 2 -ден).

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында гимназияда жалпы 46 бейнебақылау камералары орнатылған, оның 15-сыртқы және 31-ішкі бақылау бейнекамералары. Бұл бейнебақылау барлық іргелес мектеп аумағын, сондай-ақ мектеп асханасының, акт залының және спортзалдың ішіндегі көпшілік жиналатын орындарды, сонымен қатар 1,2,3,-қабаттағы фойелер мен ас блогын қарауды қамтамасыз етеді. Барлық 46-бейнебақылау камералары ЖБО (ЦОУ) қосылған. Гимназияда аймақта үшінші деңгейлі атауға ие <https://mektepgsm.edu.kz>. "Uplink" ЖШС келісім шарт негізінде интернет желісі 30 м/бит 3 нүкте бар (мектеп ішінде 3 вай-фай нүктесі бар)

Ғимаратта автоматтандырылған өрт дабылқағыш орнатылған, өрт сөндіргіш құралдармен жабдықталған, 16.01.2024 жылы жасалған №04 келісім шарт негізінде «Зелепухин» ЖМ қызметін жүзеге асырады.

«ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаментінің Қостанай қаласының басқармасы» РММ 20.03.2024 жылдың №33 тексеріс актісі, «ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қостанай облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қостанай қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ 24.10.2024 жылдың №120 тексеріс актісі.

Дабыл батырмасы орнатылған, қызметін жүзеге асырады қорғау ұйымы – «Нұрсақшы» ЖШС (шарт №16, 13.02.2024ж).

Компьютерлік техника саны – 266, соның ішінде 46 жарамсыз. Гимназияда 1 компьютерге 1 оқушыдан келеді. Білім беру процесінде Bilimland.kz сандық білім беру ресурсы белсенді пайдаланылады. 2020 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Bilimland.kz сандық білім беру ресурсының қосымша OnlineMektep.org платформасы қолданылып келеді. Ресурстарға қол жеткізу барлық педагогикалық ұжымға, барлық білім алушыларға жеке логин мен пароль арқылы қамтамасыз етіледі.

Мектепті басқару бөлімінің кабинеттері келесі жабдықтармен жабдықталған: директор 1компьютер жиыны, 1 колонка, 1 көпфункционалды

құрылғы (МФУ); қабылдау бөлімі – 1 компьютер жиыны, 1 көпфункционалды құрылғы МФУ, 1 колонка, 1 камера; директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары – 1 компьютер жиыны, 1 колонка, 1 нетбук, 1 көпфункционалды құрылғы МФУ; директордың тәрбие жөніндегі орынбасары – 1 компьютер жиыны, 1 колонка, 1 көпфункционалды құрылғы МФУ; директордың әдістеме жөніндегі орынбасары - 2 компьютер жиыны, 1 моноблок, 1 колонка, 1 көпфункционалды құрылғы МФУ; Директордың ғылым ісі жөніндегі орынбасары - 1 компьютер жиыны, 1 колонка, 1 көпфункционалды құрылғы МФУ; директордың ақпараттық-технология жөніндегі орынбасары – 1 компьютер жиыны, 1 көпфункционалды құрылғы МФУ, 1 колонка; директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары – 1 компьютер жиыны, 1 МФУ; әдістемелік кабинет – 2 компьютерлік жиын, 1 түрлі-түсті принтер, 1 принтер; психолог кабинеті – 1 компьютер жиыны, 1 принтер; әлеуметтік педагог - 1 компьютер жиыны, 1 көпфункционалды құрылғы МФУ; бухгалтерия – 3 компьютерлік жиын, 2 көпфункционалды құрылғы МФУ. Мектептің электрондық поштасы gsm@kst-goo.kz ақпараттық қауіпсіздіктің бірыңғай талаптарына сәйкес mail.edu.kz қазақстандық ресурспен жүзеге асады.

Мектептің ресми интернет-ресурсы болып табылатын мектеп сайтының адресі edu.kz үшінші деңгейлі домендік атаумен жұмыс жасайды, сайттың адресі <https://mektepgsm.edu.kz/kz>

Сонымен қатар мектепті ақпараттандыру әлеуметтік желілерде жүзеге асады. Instagram желісіндегі парақша https://www.instagram.com/kst_syrbaimaulenov_gimnaziasy?igsh=MTN4N2pxcmUydHhtbQ%3D%3D&utm_source=qr.

Мектепте ағымдағы оқу жылына бекітілген ақпараттандыру жоспарына сәйкес бірқатар міндеттер іске асырылады: Bilimclass, ҰББДҚ қолжетімділігін, дұрыстығын және уақытылы толтырылуына мониторинг жасап отыру, білім беру процесінде техникалық құралдар мен ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша консультациялық қолдау, білім беру процесінде АКТ қолдану бойынша оқыту семинарлары, педагогикалық ұжымды ақпараттық қауіпсіздік саясатымен таныстыру, т.с.с.

6-бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.

Кітапхана оқу-тәрбие процесі мен ғылыми зерттеулерді әдебиеттер мен ақпараттық материалдармен қамтамасыз ететін гимназияның құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ білімді тарату, рухани, зияткерлік қарым-қатынас, мәдениет орталығы болып табылады. Кітапхана үш оқшауланған үй-жайды алып жатыр: оқу залымен біріктірілген абонемент бөлімесі – 46,3ш.м., бөлме қоймасы - 8,4 ш. м., жалпы кітапхананың ауданы - 54,7 ш.м., сонымен қатар оқу қорын сақтауға арналған бөлменің ауданы – 32.4ш.м..

Кітапхана металл сөрелермен, 5 дана үстелдермен, 12 дана жұмсақ орындықтармен, 5 пуфпен жабдықталған. Кітапханада 4 нетбук, 1 компьютер, 1 принтер бар.

Кітапхананың жұмыс режимі – 09.00-ден 18-00 ге дейін. Аптаның демалыс күндері – сенбі, жексенбі. Санитарлық күн – әр айдың ең соңғы күні. Кітапхана мектеп басшысы бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді.


Кітапхананың меңгерушісі Тлеубердиева Дина Тулендиновна, жоғары білімді, мамандығы – кітапханалық-ақпараттық қызмет. Жұмыс өтілі: кітапханашы қызметінде – 40 жыл, осы мекемеде – 21 жыл. Челябин мемлекеттік мәдениет институтын «Кітапханалық-ақпараттық қызметі» мамандығы бойынша 2016 жылы бітірген. Кітапханалар жұмысында ақпараттық технологияларды дамыту бойынша қалалық және облыстық семинарларға қатысты. "Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа-ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру" тақырыбы бойынша 2023 курстарының соңғы жылы.

Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары:

- Мектеп оқушылары мен педагогикалық ұжымды оқу-тәрбие процесін және өздігінен білім алу жолымен кітапханалық-библиографиялық, ақпараттық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;
- Түрлі ақпарат тасығыштарда құжаттармен қорды жинақтау, мектептегі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру процесінің барлық қатысушыларының жеке сауалдарын ескеру;
- Оқырмандарды ақпараттық мәдениетке, кітапты сүйуге, оқуға, мәдениетке баулу, тәуелсіз кітапхана пайдаланушысының оқу дағдыларын қалыптастыру;
- Құжаттарға неғұрлым толық және тез қол жетімділік мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Ақпарат алуда әдістемелік- консультациялық көмек көрсету. Кітапханадағы ақпарат көздерінің негізінде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу;
- Кітапхананың қызмет көрсетуі негізінде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, жайлы кітапхана ортасын қалыптастыру;
- Компьютерлік каталогтауды жүзеге асыру және кітапхана (кітаптардың, оқулықтардың) ақпараттық құралдарын өңдеу, автоматтандырылған кітапхана программасын енгізу.

Оқу және көркем әдебиет қорымен жұмыс.

Жаңа буынның барлық оқулықтары ҚР ОАМ 2024-2025 оқу жылына арналған бекітілген тізбесіне сәйкес келеді. Оның ішінде: қорландыру циклі бойынша 11 сынып оқулықтары – 2020 жылғы басылымдар, 9-10- сынып – 2019 жылғы басылымдар, 6-8-сынып – 2018 жылғы басылымдар, 5-7- сынып – 2017 жылғы басылымдар. 2024 жылы 7 сынып қазақ тілі, 8 сынып Қазақстан тарихы, 9- сынып Қазақстан географиясы жаңа оқулық алынды. Оқулықтар қоры 4 жыл сайын қорландыру циклі бойынша жаңартылып отырады. Кітап қоры бойынша көрсеткіштер динамикасы төмендеген жоқ, 2022, 2023, 2024 жылдарда оқу қорын есептен шығару жұмыстар жүргізілді. Оқу бағдарламасынан шыққан басылымдарды және мазмұны бойынша ескіргенді есептен шығару қордың құрамын және оның бақылау көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді. Салалық әдебиет қоры өсуде.




"Балалар кітапхасы" бағдарлама аясында соңғы жылда мектеп кітапханасына көркем әдебиеттің түсуі байқалады.

Бүгінгі таңда көркем әдебиет қоры жасақталған:

- жаратылыстану ғылымдары бойынша әдебиеттер саны – 100;
- математика және информатика бойынша әдебиеттер саны – 99;
- қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар және әдебиеті бойынша әдебиеттер саны, әмбебап мазмұндары саны – 831;
- тіл білімі және әдебиеттану бойынша әдебиеттермен саны – 582;
- көркем әдебиеттер саны – 2597;
- өнер, педагогика, халықтық білім, мәдениет туралы әдебиеттер саны – 100.

Білім салалары бойынша қордың құрамы



- Жаратылыстану ғылымдары бойынша әдебиеттер саны
- Математика және информатика бойынша әдебиеттер саны
- Қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар және әдебиеті бойынша әдебиеттер саны, әмбебап мазмұндары саны
- Тіл білімі және әдебиеттану бойынша әдебиеттермен саны
- Өнер, педагогика, халықтық білім мәдениет туралы әдебиеттер саны

Негізгі қордың талдауы кітапханада бар әдебиеттердің көп бөлігі 1980-2023 жылдар аралығында жарияланғанын көрсетеді. Соңғы 5 жылда кітапханада бар кітаптардың тек 7% - ы ғана басылып шықты, дегенмен мектеп кітапханасының қоры жаңа әдебиеттермен толықтырылуда.

Кітапхана қоры жаңартылған бағдарлама бойынша оқулықтармен және оқу құралдарымен жабдықталған – 14848 дана (77,2 %);

Оқушылардың параллельдер бойынша оқу әдебиеттері мен және оқулықтармен қамтамасыз етілуі

Сынып	Оқушылар саны	Параллельдер бойынша оқу әдебиеттерінің жиынтығы	Қамтамасыз ету
5	74	103	100 %
6	76	90	100 %
7	77	90	100 %
8	66	95	100 %
9	49	83	100 %
10	47	54	100 %
11	43	45	100 %

Жыл сайын облыстық және республикалық маңызы бар "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда", "Білімді ел", "Ана тілі", "Қазақстан кәсіподағы", "Қазақстан мұғалімі", "Костанайские новости", "Қостанай таңы", "Учительская плюс" газеттері мен журналдарын жазып отырамыз.

Жыл сайын дәстүрлі емес құралдардағы оқулықтар мен әдістемелік құралдардың саны артып келеді. Кітапхананың оқу қорында 400 дана электронды CD дискілер бар.

"Жалпы білім беретін мектеп кітапханасы туралы Үлгі ережеге" сәйкес оқу қоры негізгі қордан бөлек қоймада сақталады. Кітаптар сыныптар мен атаулар бойынша бөлінеді.

Кітапханаға түскен барлық кітаптар құжаттармен тексеріледі. Кітаптар техникалық өңдеуден өтеді. 1-бет және 17-беттерде кітапхана мөрі мен түгендеу нөмірі қойылады.

Құжаттардағы жазбалар уақытылы және ұқыпты жүргізіледі. Салалық әдебиет қоры КБЖ кестелеріне сәйкес орналастырылған. Кестенің негізгі бөлімдері туралы ақпарат оқырмандар назарына ұсынылды.

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін мектепте қажетті нормативтік-құқықтық база қарастырылған:

- Кітапхана туралы ереже;
- Кітапхананы пайдалану ережесі;
- Кітапхана меңгерушісінің лауазымдық нұсқаулығы;
- Кітапхана жұмысының жылдық жоспары;
- Мектеп кітапханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері;
- Кітапхананың жылдық жұмысының талдауы;
- Кітапхананың жұмыс кестесі;
- Кітапхана қорының жиынтық есеп кітаптары;
- Оқу және негізгі қорының жинақталуын түгендеу, есепке алу папкасы;
- Карточкалар көшірмелерімен үстеме түскен әдебиеттер қоры, негізгі қор, оқу әдебиеті;
- Жоғалған және орнына алынған басылымдарды есепке алу кітабы;
- Кітапхананың жұмыс күнделігі;
- Оқырман формулярлары;
- Мерзімді басылымдарды тіркеу картотекасы;
- Кітап беру оқулықтар, сыныптар бойынша;
- Есептер (түгендеу) мектеп саны туралы оқулықтар бойынша параллель және білім беру саласы, кітапхана жұмысы туралы (статистика).

Құжаттардағы жазбалар уақытылы және ұқыпты жүргізіледі. Салалық әдебиет қоры КБЖ кестелеріне сәйкес орналастырылған. Кестенің негізгі бөлімдері туралы ақпарат оқырмандар назарына ұсынылды.

Жыл бойы оқулықтарды сақтау белгілі мақсатқа бағытталып жұмыс жүргізіледі. Оқулықпен жұмыс оқу жылы бойы жүргізіледі. Оқулықтарды тексеру мақсатында сыныптарға 2 рет рейд жүргізіледі, рейд қорытындысы мұғалімдерге айтылып, олардың оқулыққа көзқарасы жайында жедел ақпарат беріліп отырылады. Оқу жылының аяғында оқулық тапсыру кезінде жақсы нәтижелер есепке алынады, оқулықтарды қабылдауға ерекше мән беріледі. Кітапханадағы кітап қоры сөрелерде тігінен және көлденең сақталады. Оқулықтар жеке бөлмеде сынып және пәндер бойынша қойылады. Оқулықтарды кітапханаға тапсыру кезінде кітаптың жағдайына назар аударылады, қажет жағдайда оқушы ұсақ жөндеу жұмысын орындайды. Қарыз оқушылармен жұмыстар жүргізіледі: тізім және жеке ескертулер жасалады, сынып жетекшілері және тәрбиешілері арқылы ескертіліп отырады.

Оқырмандармен жұмыс.

Оқырмандармен жұмыс – кітапхананың негізгі жұмыстарының бір бағыты. Кітапханалық қызмет көрсету «Кітапхана ереже», «Кітапхананы пайдалану ережесі» сәйкес жүзеге асырылады. Оқырмандар кітапхана

қорынан библиографиялық және анықтама-ақпараттық қызмет көрсетуді пайдалана отыра, уақытша пайдалануға басылымдар мен басқа да баспа түрлерін алып, бұқаралық іс-шараларға қатысады. Іс-шаралар еркін кітапхана қолданушысы тұлғасын қалыптастырып, оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу бағдарламаларын жетік меңгерулеріне көмектеседі.

Кітапханада "Кітапхана күнделігі" (дәстүрлі және электронды) жүйелі түрде жүргізілуде, онда оқырмандардың саны, топтардың құрамы, кітапханаға келушілердің саны, берілген басылымдар тіркеледі.

- Кітапханада барлығы – 470 адамға қызмет көрсетіледі.
- Кітапханада оқырмандардың келесі топтары көрсетілген:
- Оқушылар – 431 адам (92 %);
- Педагог қызметкерлер – 35 адам (7,3%);
- Басқалар – 5 адам (0,6 %).

Негізгі көрсеткіштерді салыстыру кестесі

Оқу жылы	Кітап қоры	Оқырмандар саны	Келушілер саны	Кітап беру саны
2024-2025	18747	410	3886	8120
2023-2024	18949	400	3820	8000
2022-2023	19227	380	3420	7600

2024-2025 оқу жылында кітапханадағы оқырмандар саны өзгерусіз, бұл мектептегі оқушылар санының қозғалысына байланысты. Оқырмандар санының, келушілер саны мен кітап беру, кітап оқу көрсеткіштерінің динамикасы артып келеді.

Негізгі салыстырмалы көрсеткіштерді салыстыру кестесі.

Оқу жылы	Келушілер	Кітаппен қамтамасыз ету	Айналым	Оқылым
2024-2025	9,5	23	1	20
2023-2024	9,5	23	1	20
2022-2023	9	22	1	19,7

Кітапханада бар:

- нетбук – 4 дана;
- көбейту техникасы (сканер, принтер, ксерокс - 3 бір) – 1 дана;
- компьютер – 1 дана.

Ақпараттық қызметтерді ұсыну.

- құжат мәтінін ұсыну;
- сұралған тақырып бойынша ақпарат көздерін таңдау;
- анықтамалардың барлық түрлерін орындау;
- электрондық тасымалдаушы материалдарды ұсыну;
- жаңа түсімдер туралы жедел хабарлау;
- ақпарат іздеу мәселелері бойынша кеңес беру;
- алдын-ала тапсырыс бойынша ақпаратты іздеу;
- дербес жұмыс үшін компьютермен қамтамасыз ету.

Бұқаралық жұмыс.

Кітап қоры арқылы оқырмандардың ақпараттануына мына кітап көрмелерінің көмегі тиді:

- «Аяулы Отаным – Қазақстан» / Өлкетану;

- « Желтоқсан жеткізген Тәуелсіздік» иллюстративті кітап көрмесі/Тәуелсіздік күні;
- «Ыбырай- Дала қоңырауы...» - кітап көрмесі;
- « Әлем таныған Ахмет» Ахмет Байтұрсынұлы туғанына 150 жыл – кітап көрме;
- «Жыр тұлпары,Сыр сұңқары- Сыраған» С.Мәуленовтың туғанына 100 жыл.
- к/к;
- «Қазақтың ұлы перзенті Жүсіпбек Аймауытов туғанына 130 жыл. - т/к;
- «Алаш қозғалысының мүшесі» М. Жұмабаевтың - 130 жыл- т/к;
- «Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор» Шәкәрім Құдайбердіұлы -165 жыл -т/к;
- «Ғұлама ғұмыры» Көпейұлы Мәшһүр-Жүсіп - 165 ж- к/к;
- «Мұхтар Әуезов - ұлы ойшыл, тұлға» - 145 жыл -т/к;
- «Ұлы даланың Ұлы есімі» Султан Бейбарыс- 800 жыл – т/к;
- «Төле би- Түгел сөздің төресі» Төле би 360 жыл-к/к;
- «Алмас жырлы ақын,батыр,күйші» Махамбет Өтемісұлы 220 жыл-к/к;
- «Өлкеміздің жарық жұлдыздары» к/к;
- «Ғасырдың дара перзенті» Д.А.Қонаев - 100 жыл к/к;
- «Айтулы тұлғалар атаулы даталар» - к/к;
- «Әдебиет заман айнасы» - к/к;
- «Нұр себеле,Ұлыстың Ұлы күні" – к/к;
- «Анықтамалар. Энциклопедиялар. Сөздіктер» - к/к;
- «Жаңа кітаптар» - т/к, бейнебаян, тұсаукесер;
- «100 кітап» жобасы - к/к;
- «Ал. Оқы. Қайтар.» /Буккроссинг жоба.

Дайджестар ұйымдастырылды:

«Кітап оқудың 10 ережесі», «Кітап асыл досымыз», «Кітап оқудың пайдасы». «Әлемдегі көп оқылатын 10 кітап», «Кітапты қалай оқу керек», «Кітапты дұрыс оқу жөнінде қойылатын талаптар». Көрмелердің мақсаты – белгілі бір тақырып бойынша әдебиеттердің әр түрлі екендігін оқырмандарға көрнекі түрде көрсету. Жұмыстың көрнекі түрі – кітапханадағы жаңа, ескі кітаптарды жарнамалау, ашық, әдемі атау, көзге тез түсетін суреттер арқылы оқырмандардың қызығушылығын туғызу кітапханашының міндеті. Әдебиетке шолу кітаптық және тақырыптық көрмелерге қосымша ретінде өткізілген іс-шарадан кейін кітап өнімдерін жарнамалау және жаңа оқырмандарды тарту мақсатында үнемі жасалады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны іске асыруды тапсырған болатын. Осыған байланысты Оқу-ағарту министрілігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасында «Балалар кітапханасы» бағдарламасына ұсынылатын кітаптардың тізімі жасақталды. Оған қазақ әдебиеті тарихының барлық дәуірі мен кезеңін, жанрлық бағытын қамтитын 1770 шығарма енді. Оның 76%-ы – отандық, 24%-ы – әлем әдебиетінің таңдаулы еңбектері. «Балалар кітапханасы» бағдарламасының басты мақсаты – мектеп кітапханаларын маңызды балалар әдебиетімен қамтамасыз ету, балалар әдебиеті тізімін

қалыптастыру және ұрпақтың кітапқа құштарлығын ояту. Сонғы жылдар осы бағдарлама бойынша көптеген көркем әдебиет кітаптар түсті. Жаңа кітаптар тізімін даярланып, мектепте оқушылардың оқуға тиісті танымал қазақ классикалық әдебиетінің шығармасы мен әлемдік әдебиеттің іну-маржандары саналатын шығармалары ұсынылды. Бүгінгі таңда мектеп кітапханасы 100 кітаптың тізімін әзірледі. Оқушыларға ұсынылған кітап тізімі таныстырылып берілген болатын, және QR кодтарымен безендіріліп қойылды. Мектеп оқушыларына оқуы тиіс 100 кітап аясында ұсынылатын шығармалар тізімге алынған көрмеде ұйымдастырылды. 2022 жылы желтоқсан айында ғимаратының екінші қабат холында салтанатты түрде оқушылар, ұстаздар, ата-аналар қатысуымен «Буккроссинг» акциясы ұйымдастырылды. Бұл мәдени шараның мақсаты: көркем әдебиеттердің оқылымнан шығып қалмай, өз оқырманын табуына ықпал ету, тұрғындардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру. Буккроссингтің басты принципі: «Ал. Оқы. Қайтар».

«Оқуға құштар мектеп» жобасы.

2021-2022 оқу жылынан бастап «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мектепте әр дүйсенбі сайын «20 минуттық кітап оқу», Үзіліс кезінде балалар жоба бойынша «100 кітап» тізіміне кірген кітаптарды оқуы тиіс. Және «Отбасымен бірге оқимыз», «Сыныппен бір кітап оқимыз», «Каникулда кітап оқимыз» акциялар ұйымдастырылды.

2024-2025 оқу жылының басында айлар бойынша әр сыныптарға кітап оқу кестесі жасалды. Кітапханашы мен сынып басшылары (старосталар) кестедегі кітаптардың тізімін оқушыларға ұсыныс ретінде беріп отырады. Айдың соңында сыныптардың жазған эсселері мен бейнебаяндар мен суреттерді саралап, белсенді сыныптар, үздік оқушыларды номинация бойынша марапаттап, қорытынды жасайды. Оқушылардың апта сайын оқуын бақылау келесі көрсеткіштерге ие, ең белсенді: 5Ә, 6Ә, 7Б, 8А, 9А, 10А, сыныптары. Сынып жетекшілері және олардың көмекшілері-старосталар "20 минуттық оқу" жобасына белсенді қызығушылық танытып, кітапханашыға нәтижелерін жинауға көмектесті.

Қорытынды бойынша: бүгінгі таңда кітапханада "Балалар кітапханасы" бағдарламасы бойынша әдебиеттер жеткілікті және электронды кітаптарды іздеу үшін QR кодтары да бар. Акция барысында оқушылар арасында көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылықтың артқаны анықталды. 11-сынып оқушылары уақыттың жетіспеуіне байланысты аз қатысты. 5А, 6А, 8Ә, 10Ә сыныптары белсенді болмады, өйткені сынып жетекшілерінің қызығушылығы байқалмады. Бұл бағытта сынып жетекшілерінің кітапханашымен бірге белсенді жұмысы ғана оқушылардың қызығушылығын арттыра алады.

Оқушылардың оқыған кітаптары бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету мақсатында жыл бойы "20 минуттық оқу" жобасы акциясында шығармалар бойынша викториналар өткізілді: 5 және 6- сынып оқырмандарға «Бір ел - бір кітап» Республикалық акция аясында 2024 жылы қазақ прозасының жазушысы Б.Сөкпақпаевтың шығармасын жаппай оқу ұсынылды және осы сыныптарда викторина өткізілді. Іі Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы апта кітабі аталып 10-11- сыныптар арасында викторина өткізілді.

9-сынып оқушылары Абайдың «Қара сөздері» кітабы бойынша челлендж дайындады. Викториналар білімді нығайтуға, шығармаларды қайталауға көмектеседі, шығарманың мазмұнын қабылдауға үйретеді

Отбасылық ортада кітап оқу ерекше рөл атқарады. Кітапты бірге оқу, оқыған кітап туралы сөйлесу отбасы мүшелерін өте жақындастырады, оларды рухани біріктіреді және балалардың өз бетінше оқу қажеттілігін тәрбиелейді. Отбасылық оқу дәстүрін жоғалтпау үшін мектеп кітапханасында 7-сынып оқушылары арасында ата-аналарымен бірге "Біз отбасымызбен бірге кітап оқимыз" атты челлендж өтті. Нәтижесі инстаграмм парақшасында көрсетілді. Кітапхананың міндеті ата-аналарды кітапты балалармен бірге оқу үшін әдебиетке қызықтыру. Кітапқа деген сүйіспеншілік бала кезден басталады. Кітап адамның өмірлік серігі болуға арналған. Кітап оқығанды ұнататын адам ешқашан адал досының жетіспеушілігін сезінбейді. Кітапханашы қатысушыларға кітаптарға шолу жасады, әдебиеттің жаңалықтарымен таныстырды, сондай-ақ ата-аналардың балалармен бірге оқыған кітаптарын талқылады. Инстаграмм парақшасында жалғасын табады. Үлкен іс шара өткізілгенде жоғары сынып оқырмандар «Кітап дефилесіне» қатысып, сүйікті кітаптары туралы ой бөлісіп, өз сюжеттеріне сәйкес дефиле көрсетті. Оқушылар шабыттанып, өз кейіпкерлерінің образдарына өте көркем түрде жаңаша көркемдеді, достықтың құндылығы туралы және қызықты кітаптарды қалай таңдауға, оқуға болатындығын айтты.

Осындай іс-шаралар мектеп қабырғасындағы оқушылар мен ата-аналардың кітап оқуға деген көзқарастарын арттырады. Отбасы аясында ата-аналардың балалармен көбірек әдеби кітаптарды оқу дағдыларын қалыптастыру – үлкен игі іс.

Қалалық «Лучший буктрейлер» сайысына қатысып 7 А сынып оқушысы Хамит Аружан жүлделі 1- орынға ие болды. Буктрейлер Ш.Айтматовтың «Плаха» кітабына арналған. Байқау оқушылардың көркем оқу талантын дамытуға, сезімдер мен эмоцияларды сөзбен жеткізе білулеріне ықпал етеді.

23 сәуір – Халықаралық кітап күніне орай 17-21 сәуірге дейін біздің мектебімізде «Кітап-сарқылмас рухани әлем» атты кітап мереке іс-шарасы өтті. Кітап мерекесінің мақсаты: оқушыларды кітапты құрметтей білуге, ұқыпты ұстауға баулу, білімге деген құштарлығын арттыру.

Бағдарлама бойынша өткізілген іс-шаралар: «23 сәуір – Халықаралық кітап күні», «Оқуға құштар мектеп» атты жобасы, кітап көрмелер 5-11- сынып оқушыларға арналған. «Білім тозбайды» атты викторина мектеп оқушылары үшін мерекелік апта басталған ойын. Олар үшін оқу жылында оқыған кітаптары бойынша сұрақтар дайындалды, дұрыс жауап үшін оларға тәтті сыйлық берілді.

«Сүйікті кітаптардың беттері» атты әдеби-квест 5-6- сынып оқушылардың арасында жасалған. Әдеби-квесттің мақсаты: кітап оқуға деген қызығушылықты дамыту, оқушылардың сөздік қорын байыту, оқырман мен кітапқа деген сүйіспеншілікті, командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу. оқылған кітаптарға арналған әдеби тапсырмасы берілді. "Әдеби кейіпкердің жұмбақтарын жинаңыз", «Мақал-мәтел айдары» ертегіге сәйкес мақалды

анықтау, «Кімнің заты? ойыны, «Әдебиеттегі сандар». Оқушылар толқумен барлық сынақтан өтті, көптеген қызықты нәрселерді білді.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың қолдауымен «Оқуға құштар мектеп» аясында «Менің сүйікті кітабым» атты челленджді қолдап, 5-11- сынып оқушылары бейнероликтарын жазып инстапарақшаларына салды. Челлендждің міндеті бір жыл ішінде оқылған кітаптар туралы айту және досына кеңес беру.

«Мектепке кітап сыйлаңыз» атты акция жыл сайын мектепте өткізіледі, осындай іс-шара, киелі қара шаңырағымыздың кітапхана қорының молаюына септігін тигізері сөзсіз. 2022 - 2024 жылдары аралығында акцияның қорытындысы бойынша мектеп кітапханасына 98 кітап тапсырылды. Кітап мерекесінің мақсаты: оқушыларды кітапты құрметтей білуге, ұқыпты ұстауға баулу, білімге деген құштарлығын, көркем әдеби кітапқа қызығушылықтарын арттыру. Мектеп қорын түрлі бағыттағы кітаптармен толықтырып, акцияны әрі қарай жалғастыру көзделуде.

Кітапханалық кеңістіктің ақпараттандырылуы.

Жаңа білім беру стандартына сәйкес мектеп кітапханасына қойылған талаптардың бірі – оның міндетті техникалық жарақтандыруы болып табылады. Қойылған міндеттерді шешу үшін кітапханада компьютерлік аймағы бөлінген. Ақпараттарды басып шығару үшін жабдықталған компьютер жұмыс істейді, бір компьютерде сканер және принтер бар. Барлық компьютер интернетке қосылған. Оқу залында жұмыс істеу үшін 4 нетбук бар. Қазіргі уақытта кітапхананың оқу және салалық қоры Exsell бағдарламасымен жұмыс істейді, сондықтан бар жұмысты жеңілдетеді. Қазіргі заманғы кітапханалар технологиямен қаруланып қана қоймай, әлеуметтік желілерді де игеруде. Instagram танымал әлеуметтік желісінде мектеп кітапханасында оқырмандармен диалогта қалуға, олармен қызықты оқиғалар мен өткізілген іс-шаралармен бөлісуге көмектесетін парақша бар. Кітапхананың инстаграммы: [library_gsm_kst](https://www.instagram.com/library_gsm_kst).

7-бөлім. Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын өлшемшарттар:

- ЖП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелер) (негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан хаттамалары қоса беріледі).

Білім сапасы мен үлгерімі:

Оқу жылы:	2022-2023 о/ж	2023-2024 о/ж	2024-2025 о/ж (1-тоқсан)
Білім сапасы	79,05%	81,5 %	77,9 %

2022-2023 оқу жылы білім сапасы 79,05%, оқу үлгірімі-100%.

2023-2024 оқу жылында 2,45%-ға көтерілді, оқу үлгірімі-100%.

2024-2025 оқу жылының 1- тоқсанында білім сапасы -77,9%, 5- сыныпқа қабылданған 9 білім алушы білімдерін дәлелдей алмай екпінділер қатарына орташа білім алушылар қатарына түсіп отыр. Бейімделу деңгейінен өтілуде.

Білім алушылардың 3 жылдағы пән бойынша білім сапасы:

Пән/оқу жылдары	2022-2023	2023-2024	2024-2025, 1- тоқсан
Қазақ тілі	94,7 %	95,1 %	90,9 %
Қазақ әдебиеті	97,1 %	96,1 %	91,6 %
Орыс тілі және әдебиеті	100 %	99,7 %	99,1 %
Ағылшын тілі	95,5 %	95,4 %	95,3 %
Математика	82,4 %	86,3 %	81,04 %
Алгебра	78,1 %	83,9 %	81,85 %
Геометрия	81,3 %	87,3 %	
Информатика	99,7%	100%	100%
Жаратылыстану	94,8 %	98 %	95,3 %
География	89,3 %	88 %	100 %
Биология	89,7 %	88 %	89,3 %
Физика	81,7 %	82,6 %	90,3%
Химия	94,2%	90,9 %	91,3 %
Дүниежүзі тарихы	94,7 %	95,4 %	
Қазақстан тарихы	91,8 %	93,6 %	89,3 %
Құқық негіздері	100 %	100 %	

Соңғы үш оқу жылдың пәндері бойынша білім сапасын салыстыру негізінде мынадай қорытынды жасалды:

- 2022-2023 оқу жылы мен 2023-2024 оқу жылдарында жыл бойы сапаның көтерілгенін көруге болады, ал география, биология, химия, қазақ әдебиеті пәндері 1-3% төмендегені байқалады.
- 2 жылды салыстырғанда математика, Қазақстан тарихы, жаратылыстану, қазақ тілі, геометрия, физика пәндерінен 1-3% өсу динамикасын көруге болады.

9,11-сыныптардың пәндер бойынша білім сапасы:

9-сынып			
Пәні/оқу жылдары	2022-2023	2023-2024	2024-2025 (1 тоқсан)
Қазақ тілі	91,5 %	100 %	95,9 %
Қазақ әдебиеті	89,4%	100 %	89,7 %
Орыс тілі және әдебиеті	100 %	100 %	95,9 %
Ағылшын тілі	95,7 %	94 %	93,8 %
Алгебра	68 %	75 %	79,5 %
Геометрия	68 %	77 %	
Информатика	100 %	100 %	
География	85,1 %	85 %	100 %
Биология	83 %	83 %	91,8 %
Физика	72,3 %	79%	89,7 %
Химия	85,1 %	88 %	85,7 %
Қазақстан тарихы	87,2 %	100 %	85,7 %
Дүниежүзі тарихы	95,7 %	100 %	
Құқық негіздері	100 %	89,6 %	

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында 9-сыныптың негізгі пәндер бойынша білім сапасына тоқталсақ: қазақ тілі пәні бойынша +8,5 %, алгебра, геометрия 7-9% , физика,химия пәндерінен 3-6 % өсу динамикасы байқалады. Ағылшын тілі пәні бойынша 2023-2024 оқу жылы -1,7 % кемісе, 2024-2025 оқу жылында тағы да 0,2 % төмендегенін байқауға болады. Ал химия пәні 2023-

2024 оқу жылында 3% көтеріліп, биылғы оқу жылының 1 тоқсанында 2,3% төмендеген.

11-сынып			
Пәні/ оқу жылдары	2022-2023	2023-2024	2024-2025 (1 тоқсан)
Қазақ тілі	100 %	100 %	100 %
Қазақ әдебиеті	100 %	100 %	100 %
Орыс тілі және әдебиеті	100 %	100 %	100 %
Ағылшын тілі	100 %	100 %	100 %
Алгебра	100 %	86,7%	90,4 %
Геометрия	100 %	100 %	-
Информатика	100 %	100 %	100 %
География	100 %	100 %	100 %
Биология	100 %	100 %	100 %
Физика	100 %	86,7%	95,2 %
Химия	100 %	100 %	100 %
Қазақстан тарихы	100 %	100 %	100 %
Дүниежүзі тарихы	100 %	100 %	100 %
Құқық негіздері	100 %	100 %	-

2022-2023 оқу жылдары 11-сыныптың негізгі пәндер бойынша білім сапасына тоқталсақ: сапа тұрақты, білім сапасы 100% көрсеткен, ал алгебра мен физика пәндері 2023-2024 оқу жылында 3,3% төмендесе, ал биылғы оқу жылында 3-8 % өсу динамикасы байқалады.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері. (Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан хаттамалары қоса беріледі)

2022-2023 оқу жылы «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 10.04.2023ж. №88 «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» бұйрығына, «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы» ММ17.04.2023ж. №261 бұйрықтары, және Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөліміні» ММ 21.04.2023ж. №611 бұйрығы негізінде білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу мынадай тәртіпте белгіленді:

1. 9-сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілді.

2. 11-сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілді.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілді:

9-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 6 маусым;

